Большую помощь в формировании профессиональных компетенций в нашем колледже играет бизнес-инкубатор, который создан на базе нашего колледжа в сентябре 2023 года. Назвали мы его «Бизнес-инкубатор технологического предпринимательства и IT индустрии». Чем занимается бизнес-инкубатор? Главная его миссия - это создание условий для взращивания зародившейся интересной идеи и поддержка проектов молодых предпринимателей на всех этапах развития: вплоть до её коммерциализации (в случае, если студент обратиться с просьбой о содействии в разработке бизнес-плана и открытии ИП). Основная цель бизнес-инкубатора – предоставить желающим доступ к оборудованию, знаниям и средствам, которыми обладает бизнес-инкубатор. Это место, где сосредоточено не только техническое оснащение для реализации инновационных идей, но и территория, где высококвалифицированные преподаватели могут оказать всяческую консультационную поддержку резидентам бизнес-инкубатора.

Как работает бизнес-инкубатор:

1. Любой желающий студент может подать свою идею через сайт колледжа;
2. Заявка попадает в консалтинговый центр и проходит процедуру первичного анализа;
3. В этом же центре заявка оформляется и выносится на рассмотрение комитетов, где специалисты оценивают заявку с точки зрения компетенции и высказывают свои предложения о том, как они могут помочь развить эту идею;
4. Далее представители комитетов, студент и представители консалтингового центра работают над предложенной идеей и развивают ее.

Для того, чтобы воплотить идею и любой замысел в жизнь в бизнес-инкубаторе есть оборудование, начиная от простого ручного инструмента заканчивая 3D-принтерами и станками с ЧПУ. Благодаря этим станкам нужная вещь сначала моделируется на компьютере, а затем отправляется на 3D-печать и фрезеровку. Сейчас в бизнес-инкубаторе над своими научно-техническими проектами работают студенты и преподаватели. В их тесном сотрудничестве рождается особая атмосфера творчества и научного познания. Я считаю, что это тоже яркий пример интеграции различных дисциплин и тоже является элементом STEAM-образования!

В заключение, хотелось бы сказать, что будущее за технологиями, а будущее технологий - за учителями нового формата, которые лишены предрассудков, не приемлют формального подхода и могут своими знаниями “взорвать мозг” своим ученикам и расширить их кругозор до бесконечности. Возможно, будущее зависит от STEAM-образования!

Список использованной литературы:

1. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы, Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249// [<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>];
2. STEAM-образование в Казахстане: перспективы и особенности, [<https://ulymedia.kz/news/20041-steam-obrazovanie-v-kazakhstane-perspektivy-i-osobennosti/>]

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА STEAM БІЛІМ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Маутбекова Арайлым Сағындыққызы
Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің
«№19 жалпы орта білім беретін мектеб»ЖММ

Информатика пәні мұғалімі

Ғылым, математика технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEAM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEAM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты-мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM - сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEAM -сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEAM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Бұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM - сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).


STEAM технологиясының информатиканы оқытудағы басты артықшылықтарының бірі - оның қол жетімділігі мен икемділігі. Заманауи бағдарламалар мен құралдар мұғалімдерге информатикадағы әртүрлі процестер мен құбылыстарды құруға және модельдеуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың үлкен қызығушылығы мен мотивациясын тудырады. Бұл мұғалімдер технологиямен шамадан тыс араласып, алған білімдерін іс жүзінде қолдана алатын белсенді және практикалық оқытуға мүмкіндік береді.

STEAM бағдарламасы келесі себептер бойынша маңызды:

1. Ғылыми-техникалық білімнің нақты өмірде қолданылуы;
2. Сыни тұрғыдан ойлау мен мәселелерді шешу дағдыларын дамыту;
3. Белсенді коммуникация және топтық жұмыс;
4. Болашақ мамандықты таңдауға көмектесу;


Ғылым, техника, инженерия және математика пәндерін оқыту өте маңызды, өйткені бұл салалар іс жүзінде өзара тығыз байланысты; Білім алушының зерттеу қызметін кеңейту және белсенді оқытуда негізгі анализ тапсырмаларды шешу.

Мұғалім үшін төменде 1 суретте STEAM технологиясының пайдасы, мүмкіндігі оқушыға жаңа білімді түсіндіруде көпір ретінде қолдану картасы қарастырылған.



Сурет 1 – Мұғалімге арналған

Білім алушылар үшін STEAM технологиясының пайдасы, оқушының өз ойын шоғырландыруға, жекелеме жұмыс жасай білуге, шешім қабылдай білуге тәуелсіз болуға, білім сапасын жақсартуына көптеген пайдасын тигізеді. Төмендегі 2 суретте көрсетілгендей негізгі пункттері қарастырылған.



Сурет 2 – Білім алушыға арналған

Информатиканы оқытудағы қолдану және онымен жұмыс жасау мұғалім үшін оқушы үшін тиімді екенін талқылады. STEAM технологиясын пайдаланып оқыту сабақты тігінен жоспарлау түрінде, оқушының алдыңғы алған және алдағы уақытта танысатын білімдері туралы байланыс орнатуға болады. Нәтижесінде, оқушылардың жаңа тақырып туралы толық түсініктері жадыларында жылдам, әрі ұзақ мерзімге сақталады.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынды даму заманында, жаңа технологияларды меңгеріп, біздің елдің білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту, ол қазіргі заман ұстаздарының басты міндеттерінің бірі, алға қойған мақсаты деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ногайбаева Г. Развитие STEAM -образования в мире и Казахстане. Білімді ел - Образованная страна, №20 (57) от 25 октября 2016 г. 60
2. «Формирование универсальных учебных действий (УУД) на уроках робототехники». Щигал Е.С./ Сборник материалов II Всероссийской научно-методической конференции «Методика преподавания основ робототехники школьникам в основном и дополнительном образовании» - Е.: Уральский государственный педагогический университет, 2014.
3. Стрельникова Т. Что такое STEAM-образование? [Электронный ресурс]. URL: <http://www.unikaz.asia/ru/content/chto-takoe-STEAM-obrazovanie/> (дата обращения: 20.05.2018).
4. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEAM -образования» \ «Білімді ел — Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г.

STEAM БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН РОБОТОТЕХНИКА

Бердібекова Мөлдір Күнтуғанқызы

**Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ, Шар қаласы**

Информатика пәні мұғалімі

XXI ғасырда өткен ғасырдан бастап көп айтылып жүрген ақпараттық төңкеріс дәуірі толықтай орын алды деуге болады. Бүгінде біз куә болып отырған технологиялық өзгерістер білім беру жүйесін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Жапон ұлтынан шыққан американдық теориялық физика ғылымының ғалымы, көптеген танымал ғылыми кітаптардың авторы М.Каку XXI ғасырда дәстүрлі білімнің орнын алмастырып, балаларға қажетті жаңа дағдыларды беретін басқа білім беру жүйесі қажет деп санады. Профессор М.Какудың айтуынша, шығармашылық, сыни ойлау және жаңашылдық сынды құзіреттіліктер бүгінгі заман балалары үшін ең маңызды дағдылар болмақ. Осыған байланысты профессор білім беру жүйесіндегі STEM (Science – жаратылыстану ғылымдары, Technology – технология, Engineering – инженерия, дизайн, Mathematics – математика) білім беру моделін тамаша шешім деп санайды. Профессор сонымен қатар креативтілік (өнерді) дағдысын да STEM аббревиатурасына енгізуді ұсынады [1].

Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің біріне айналды. Оның айқын айғағы ретінде технологияның қарқынды дамуының арқасында жаңа мамандықтардың пайда болып, барлық жерде STEM мамандарына деген сұраныстың артуын атап айтуға болады. Мысалы, ЕО елдерінде бұл салада жұмыс істейтін мамандардың үлесі 2000 жылдан 2013 жылға 12%-ға дейін өсті. Сондай-ақ Еуропа елдерінде STEM мамандарына сұраныс 2025 жылға қарай 8%-ға өседі деп болжануда, ал басқа мамандықтарға сұраныс тек 3%-ға ғана өседі [2]. Осы себепті дамыған және дамушы елдер STEM оқыту моделін ілгерілетуге

ерекше мән береді.

STEM білім берудің мәні мынада: кез келген өнертабыстың алдында прототип, жоба немесе макет жасалады. Ал жоба жасау үшін оқушылар әлемнің табиғи-ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін бірнеше ғылым саласындағы білімдерін пайдалануы қажет. STEM сонымен қатар шығармашылықты, мәселелерді тиімді шешуді, сыни талдауды және топтық жұмысты дамытады.

Қазақстан да STEM-ді дамытуға үлкен мән береді. Мұны Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM жағдайында мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу үдерісі дәлелдейді [3]. Осы кезеңнен бері жаңа білім беру саясатын іске асыру үшін жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларына STEM элементтерін енгізу жұмыстары жүзеге асырылып келе жатыр.

Бірақ, жалпы білім берудің жаңа әдістерінің ену ауқымын бағалайтын болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанда STEM білім берудің дамуы әлі де бастапқы кезеңде. Ал бұл тәсілді мектептерге енгізу үшін ең маңызды ресурс – уақыт қажет. Дегенмен, бұл үдерісті жеделдету үшін дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, STEM білім беруді дамытуға робототехника саласы ықпал етеді.

Робототехника саласы балаларға ғылымның негізгі ұғымдарын меңгеруге, сыни және шығармашылықты ойлауға, мәселелерді шешуге көмектеседі. Осылайша, робототехникамен айналысу балаға STEM әдісін тез меңгеріп кетуге ықпалын тигізеді. Робототехника үйірмелеріне барған оқушыға нақты ғылымдарды түсіну де оңайға түседі. «LEGO Education Academy» тренері және Халықаралық спорттық және білім беру робототехникасы қауымдастығының президенті Максим Васильевтің айтуынша, робототехника саласы мектептерге STEM білім беруді енгізудің тиімді тәсілі болып табылады. Ол: «Робототехника саласы балалардың қызықты уақыт өткізу үшін айналысатын хоббиі емес. Роботтар – балаларға оқуға көмектесетін маңызды оқу құралы. Бүгінгі күннің өзінде оқытушыларға компьютерсіз сабақ өткізу әсте мүмкін емес. Ал он жылдан кейін бізді не күтіп тұрғанын елестете аласыз ба? Болашақта біз балаларға кейбір пәндерді роботсыз үйрете алмаймыз» [4], - деп, робототехника ғылымының білім берудегі және жалпы өмірдегі маңызына тоқталып өтеді.

Максим Васильев ТМД елдеріне, соның ішінде Қазақстанға мектептерде және қосымша білім беру сыныптарында робототехниканы енгізуді күшейтуге кеңес береді, өйткені бұл STEM-ді ілгерілетуге оң әсер ететін берік негіз. Сондықтан бүгінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен LEGO Education бірлесіп Қазақстанның барлық мектептерін робототехника кабинеттеріндегі әлемдегі үздік білім беру шешімдерімен қамтамасыз ету жобасын жүзеге асыруда.

Робототехника STEM білім берумен тікелей байланысты. Бұл жобалау, техникалық шығармашылық және бағдарламалауды біріктіретін интегралды STEM пәні.

Ең алдымен, робототехника – бұл пәнаралық білім. Балалар практикада жалпы білім беретін пәндерді де, қосымша дағдыларды да меңгереді. Білім берудегі кешенді көзқарас бізді қоршаған әлемді оның барлық алуан түрлілігімен түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, балаларға арналған робототехника міндетті түрде бірнеше кезеңге бөлінген жобалық әрекеттерді қамтиды және әр кезең жаңа білім әкеледі. Ол кезеңдерді төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

- Мақсат қою: мақсатты анықтауға және оған жету қадамдарын әзірлеуге үйретеді.
- Жобаны дамыту: бала себеп-салдар байланысын анықтайды, техникалық шығармашылықты пайдалана отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқаларын әзірлейді.
- Өнімді жасау, роботтарды жобалау: практикалық дағдыларды меңгеру (бағдарламалау, электроникамен жұмыс және т.б.).
- Тестілеу: бұл кезеңде проблемалар анықталады және жойылады.
- Талқылау: топпен жұмыс істеу, үлкендермен тіл табысу, қорытынды жасай білу дағдылары шыңдалады [5].

Сабақтың мұндай құрылымы инженерлік және шығармашылық ойлауды дамытуды көздейді. Балалар коммуникативті дағдыларын дамыта отырып, топпен жұмыс жасауға үйренеді. Олар өз бетінше әрекет етуге дағдыланады және сонымен бірге қызықты іс-әрекет арқылы робототехника негіздерін меңгереді, болашақ мамандандырылған білімнің негізін қалады.

Осылайша, STEM технологиясының көмегімен мектеп оқушылары айналада болып жатқан қазіргі құбылыстардың логикасына терең бойлап, олардың өзара байланысын түсінеді, әлемді жүйелі түрде зерттейді және сол арқылы білуге құмарлықты, инженерлік ойлау стилін, сыни жағдайлардан шығу қабілетін дамытады. Сонымен бірге балалар өзін-өзі басқару және өзін-өзі таныстыру негіздерін меңгереді, бұл өз кезегінде бала дамуының мүлдем жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. "Білімді ел – Образованная страна". - №20 (57). - 2016.
2. Морозова О.В. STEAM-технологии в дополнительном образовании детей / О.В.Морозова, Е.С.Духанина // Баландинские чтения. - 2018. - С. 553 -556.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Багманова Е.Е. Робототехника как проводник STEAM-обучения. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.azbyka.kz/robototekhnika-kak-provodnik-steam-obucheniya> (дата обращения 06.03.2024).
5. Влияние робототехники на ребенка. [Электронный ресурс]. – URL: <https://avanti-edu.tech/blog/vliyanie-robototekhniki-na-rebenka> (дата обращения 06.03.2024).

STEM ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Садыкова Жанаргул Рахымбековна

Абай облысы Ақсуат ауданы «М.Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ

Физика пәні мұғалімі, педагог-шебер

Жоба мақсаты

- ұлттық құндылығымызды дәріптеу арқылы өлшем бірліктер жүйесінің тіркеме сөздері мен олардың мәндерін есте сақтаудың оңай жолдарын меңгеру және физикалық білімді өмірде қолдануға дағдыландыру

Жобаның өзектілігі

- есептерде және өмірде жиі кездесетін қосымша бірліктерді жылдам негізгі бірлікке айналдыру;

- ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіре отырып, өлшемдердің метрлік жүйесінің еселік және үлестік мәндерін дұрыс қолдана білу

- қарапайым қолжетімді материалдарды іске жаратып, тиімді пайдалану

Жобаның жаңашылдығы

-білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен құзыреттілігін дамыту,

-жас ұрпақтың бойында ұлттық мүддеге деген патриоттық сезімдерін жетілдіру

Жалпы өмірде барлық нәрсенің өлшемі болатыны белгілі және олар белгілі бір өлшем бірліктер арқылы айқындалады. Сол өлшем бірліктерді нақты жағдайда дұрыс қолдана білу оқушыларымызға кейде қиындық туғызып жатады. Мысалы, ұзындықтың негізгі бірлігі метр, ал қосымша еселік бірлігі километр, үлестік бірліктері дм, см, мм. Сол сияқты аудан, масса бірліктерінде айтуға болады. Осындай қосымша бірліктердің атауы мен мәндерін 12 жастан асқан балалар тез қабылдап оңай есте сақтауы үшін мен өздерінің қиялдарына құлақ түрдім. Сонда байқағаным **балалардың қиялында шек жоқ.**

Осы арада мен сөзімді киелі 7 санымен байланыстырайын. Біздің ата-бабаларымыз анау ерте заманнан 7 санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң жүйелерін 7 санымен атап, салт-дәстүріне арқау етіп келген.

Балалардың біразы 7 атасын тарату арқылы ермексазdan олардың мүсіндерін жасап, әрқайсына тіркес сөздердің аты мен мәнін жазып жаттаса, енді бірі оны кесте тігу арқылы бейнелеген. Қарапайым қол жетімді заттардан: пенопластиктен бәйтерек жасап, балмұздақ таяқшаларынан бағаналар тұрғызып, шыршаның суретін салып, олардың бәріне жеті атасын жазып, соған сәйкес қосымшаның еселік және үлестік көбейткіштерін толтырып, үлкен қызығушылық танытқан. Бір бала төрт түліктің ішіндегі ерекшесі-жылқы тұқымын тарату арқылы жазып жаттап алғанын айтты. Міне, балалар осылай ата-тегін біліп қана қоймай, оны біліммен ұштастырып, ұлттық ерекшелігімізді бойларына сіңіреді. Себебі, әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Қазақта «жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Қазақ халқы қан тазалығын, ұрпақтарының сапалы, ақылды болуын ерекше дәріптеп жеті ата араламай қыз алысып, қыз берісуді қатаң шектеген.

Бірліктердің бұл тіркес сөздерінің сабақта жиі кездесетін еселік және үлестік мәндерінің саны 7. Кестедегі бұл мәліметтерді білу өте маңызды, әсіресе физикадан есептер шығаруда. Тіпті кейде ҰБТ есептерін шешуде бала осы қосымшаларды дұрыс білмей қиналып жатады.

Тіркес сөздер атауы	Белгіленуі	Сан мәні (қысқаша)	Тіркес сөздер атауы	Белгіленуі	Сан мәні (қысқаша)
дека	да	10	деци	д	10 ⁻¹
гекто	г	10 ²	санти	с	10 ⁻²
кило	к	10 ³	милли	м	10 ⁻³
Мега	М	10 ⁶	микро	мк	10 ⁻⁶
Гига	Г	10 ⁹	пико	п	10 ⁻⁹
Тера	Т	10 ¹²	нано	н	10 ⁻¹²
Пета	П	10 ¹⁵	фемто	ф	10 ⁻¹⁵

Осылайша, қосымша тіркестерді жақсы білгеннен кейін 7-сынып оқушыларына шаршылық және текшелік бірліктерді негізгі жүйеге ауыстыру жеңіл болды. Балалардың тағы мынадай жұмыстарына тоқтала кеткім келеді: бір кірпіштің өлшемін біле отырып, қарапайым тауық қора салу үшін қанша кірпіш пайдалануға болатын есептеп, сол қораны салған. Бұл арада балалар см² қосымша бірлігін м² айналдыруды үйренді. Бір бала бөлмесіне линолиум төсеу үшін қанша м² алу керек екенін ата-анасына есептеп шығарып бергенін көрсетті. Бір-екі бала күн жүйесі мен ғаламшарлардың өлшемдерін бірнеше есе кішірейтіп макеттерін жасаған. Бұл арада ғаламшарлардың Күннен ара қашықтығын, ғаламшарлар диаметрін бірнеше есе кішірейтуді түсінген. Сонымен қоса, кемпірқосақтың суретін фетр арқылы салып оның да өлшемдері мен түстерін ретімен орналастырған және қосымша бірліктердің атауларын енгізген.

Оқушылар байырғы өлшем бірліктерді де жаттауға үлкен қызығушылық танытты. Олар елі, тұтам, кере қарыс, сынық сүйем, сүйем, шынтақ, құлаш, т.б. бірліктерді жасаған заттарына қолданып, өлшеулер жүргізіп салыстырулар жасаған.

Біздің ұлттық құндылығымыздың бірі-қазақтың киіз үйі. Бүгінгі жобамда осы киіз үйдің жылу өткізгіштігі туралы түсіндіру үшін қарапайым, қолжетімді материалдардан (ұзын таяқшалар-спачки, ыстық клей, синтефон, киіз, фетр, фен) жасаған киіз үй макетін ұсынамын. Киіздің жылуды ұзақ сақтап тұратынын, суық жел мен жаңбырды өткізбейтінін синтефон мен фетр сияқты материалдармен алмастыра отырып салыстыруға болады. Бұл жұмыс физика пәнінің 8 сыныптағы «Тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуы» тақырыбына өте тамаша мысал бола алады.

Физика 9-сыныптың «Тербелістер» тақырыбына алтыбақан қозғалысы тамаша мысал бола алады. Балалар осы алтыбақанды өздігінен тербелетін «ақылды алтыбақан» түрінде

жасаған. Қарапайым ұзын таяқшаларды (спачки) біріктіріп ыстық желіммен ұстатқан, арқан орнына мыс сым алған және кесек магнитті ортасына қойған. Себебі, мыстың магнитке тартылуы нәтижесінде алтыбақан қозғалысқа келеді.

Сөз соңында айтарым, кез келген мұғалім ұлттық құндылығымызды дәріптеп өз сабағында пайдалана алатынын, қарапайым, қолжетімді, тіпті цифрлық ресурстар арқылы түрлендіріп, біртұтас тәрбие, ұлттық салт-дәстүрімізді балаларымыздың бойларына сіңіре отырып, қажет білімді оқушыға оңай жолмен меңгертуге болатынына көз жеткіздім.

STEM/STEAM-білім берудегі ерекшеліктер мен мүмкіндіктер.

**Суртаева Алмагул Даулетбаевна, Кенжебаева Айнур Нурсултановна «Абылай хан атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ,
Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы**

Педагог-зерттеуші

Аннотация. Мектепте STEAM оқыту – қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Әлемді күнделікті болып жатқан қарқынды өзгерістер мектептегі оқыту жаңашылдықты талап етеді. Аталған оқыту тәсілі пәнаралық байланысты жаңа қырынан көрсетеді. Пәнаралық байланыс – пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді және сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс оқушының меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Әр ғылым өз әдістерімен материалдық әлемді зерттейді де олардың нәтижелерінің жиынтығы оқушыларға әлем туралы жалпы көзқарас береді.

Кілт сөздер: пәнаралық байланыс, сабақтастық, STEAM оқыту, STEAM технологиясы.

Аннотация. Изучение STEAM в школе — один из важнейших вопросов современной системы образования. Междисциплинарность — одна из наиболее часто используемых тенденций обучения на современном этапе. Он регулирует юридическую взаимосвязь между предметами, систематизирует преемственность полученных учащимися знаний друг с другом. Межпредметные связи открывают путь к комплексному использованию знаний учащегося. Связь между предметами физики, биологии и алгебры объясняет, что между различными предметами нет границ в понимании учащимися природных явлений. Каждая наука своими методами изучает материальный мир и дает учащимся общее представление о нем.

Ключевые слова: междисциплинарная коммуникация, преемственность, STEAM-образование, STEAM-технологии.

Өзектілігі. Бүгінгі күні STEM мен STEAM жүйесі әлемдік білім беру үдерісіндегі басты трендтердің бірі ретінде дамып келеді. STEAM білім беру пәнаралық және қолданбалы тәсілге, сондай-ақ барлық бес құрамдас бөлікті (ғылым, технология, инженерия, математика, өнер) бір оқыту жүйесіне біріктіруге негізделген. Жақын болашақта әлемде, инженерлердің, жоғары технологиялық өндірістегі мамандары басымдылыққа ие болады. Алдағы уақытта бізде жаратылыстану ғылымдарымен тоғысқан жерде технология мен жоғары технологиялық өндіріске қатысты мамандықтар пайда болады, әсіресе био- және нанотехнология мамандарына сұраныс жоғары болады. Кәсіби мамандарға кең ауқымды технология, ғылым және инженерлік салалар бойынша кең ауқымды дайындық пен білімді қажет етеді. Білім беру жүйесінің дәстүрлі ғылымды оқыту тәсілінен айырмашылығы неде? STEAM білім беру білім алушылар ғылыми әдістерді тәжірибеде қалай қолдануға болатынын түсіне бастайтын аралас ортаны қамтиды. Бұл бағдарлама бойынша оқушылар математика мен физикадан басқа робототехниканы оқиды, онда олар өздерінің роботтарын бағдарламалап, құрастырады. Сабақтарда арнайы технологиялық жабдықтар қолданылады.

2014 жылы Иерусалимде өткен «STEAM forward» халықаралық конференциясында келесі мәлімдемелер жасалды:

- балаларды STEAM жүйесіне тарту. Бұл тәрбие өте ерте мектепке дейінгі жастан басталуы керек, сондықтан балабақшаларда бағдарламаларды енгізу қажет;
- ғылым тілі – ағылшын тілі. Ғылым оқып, ғалым болғың келсе, осы тілді білу керек.

Олай болса, болашақ – технологияда, ал технологияның болашағы – жаңсақ пікірден ада, формальды көзқарасты қабылдамайтын және өз білімімен оқушылардың «ойын серпіп», көкжиегін шексіздікке дейін кеңейте алатын жаңа форматтағы мұғалімдерде. Болашақ STEAM мұғалімдеріне байланысты!

Ерекшелігі. STEM білім беру (ғылым, технология, инженерия және математика) – бұл балалардың сыни ойлауын, есептерді шешуін, шығармашылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ынталандыру үшін ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін біріктіретін тәсіл.

STEM әдісі төрт принципке негізделген:

1. Білім беру мәселелерін бірлесіп шешу үшін балалар топтарға біріктірілетін оқу процесін ұйымдастырудың жобалық формасы;
2. Шешу нәтижесі отбасының, сыныптың, мектептің, университеттің, кәсіпорынның, қаланың және т.б. қажеттіліктерге пайдалануға болатын оқу міндеттерінің практикалық сипаты;
3. Оқытудың пәнаралық сипаты: оқу міндеттері олардың шешімі бірден бірнеше оқу пәндерінің білімін пайдалануды талап ететіндей етіп құрастырылады;
4. Қолданбалы ғылыми зерттеулерде инженер немесе маман даярлауда негізгі болып табылатын пәндерді қамту: жаратылыстану пәндері (физика, химия, биология), заманауи технологиялар және инженерлік пәндер.

STEM тәсілінің негізгі мақсаты – дәстүрлі білім беруге тән практикалық мәселелерді шешуден оқшаулануды жеңу және оқушылар түсіне алатын оқу пәндері арасындағы байланыстарды орнату.

1. Білім беруді ұйымдастырудың жобалық нысаны және STEM практикалық бағыты аудиториялық оқытумен салыстырғанда мемлекеттік білім беру стандартының келесі талаптарын орындау үшін неғұрлым қолайлы мотивациялық және пәндік алғышарттар жасайды:

- Белсенді оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру;
- Қоғамдық маңызы бар жұмысқа қатысу және практикалық тәжірибе алу;
- Алған білімдерін тәжірибеде, соның ішінде әлеуметтік жобалық жағдайларда қолдану қабілетін қалыптастыру;
- Құрбыларымен қарым-қатынаста және ынтымақтастықта коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- Болашақ мамандықты таңдаудың негізі ретінде мамандықтар әлеміне бағдарлану және тұрақты танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру.

2. Математика мен жаратылыстану ғылымдарын кешенді дамытуда пәнаралық оқытуға және STEM аясында жинақталған тәжірибеге назар аудару:

- математикалық және жаратылыстану білімдерін оқу міндеттерін шешуде қолдану;
- гипотеза құру, эксперименттерді жоспарлау және жүргізу, алынған нәтижелерді бағалау дағдыларын дамыту;
- математика мен информатиканың адамның күнделікті өміріндегі маңыздылығын сезіну;
- алгебра және геометрия тілдерінде нақты жағдайларды модельдеу, сондай-ақ математикалық әдістерді қолдана отырып, құрастырылған модельдерді зерттеу қабілетін дамыту;
- статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- машиналар мен механизмдердің, көлік және коммуникация құралдарының,

тұрмыстық техниканың, өндірістік технологиялық процестердің және т.б. жұмысының физикалық негіздері мен принциптерін түсіну.

STEM-нен STEAM-ге

Соңғы бірнеше жылда инновациялық экономика саласында зияткерлік және шығармашылық қызметпен байланысты шығармашылық салалар барған сайын көбірек салмақ алуда: компьютерлік технологиялар, виртуалды шындық, дизайн, сән, жарнама, анимация және т.б. Дүние жүзіндегі шығармашылық индустриялар экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналуға, ал креативті индустриядағы жастардың жұмыспен қамтылуы қазірдің өзінде нақты сектордағы жұмыспен қамтудан асып түседі. Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қояды, атап айтқанда шығармашылық және көркемдік пәндерді оқу бағдарламасына көбірек енгізу қажеттілігі. Шығармашылық салаларда 30 миллионнан астам жұмыс орны ашылған АҚШ-та бұл қажеттілік STEM тұжырымдамасының трансформациясына әкелді: ғылым, технология, инженерия және математика синтезіне бесінші құрамдас бөлігі қосылды - өнер. Нәтижесінде жаңа аббревиатура мен тұжырымдама - STEAM.

STEAM тәсілі жобалық қызметке, практикалық бағдарға және пәнаралық сипатқа назарын сақтайды, бірақ негізгі пәндердің орналасуын өзгертеді. Оқу бағдарламасын әзірлеу деңгейінде, мысалы, университетте, STEAM инженерлік және жаратылыстану STEM пәндерін ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық және шығармашылық пәндерді де қосуды көздейді:

әдебиет, дизайн, сәулет, музыка, бейнелеу өнері. STEM пәндері мен технологиялары қолданбалы мәселелердің нақты шешімдерін ұсынады, ал гуманитарлық Arts (өнер) пәндері белгісіздік, түсініксіздік жағдайынан шығу жолын табу қабілетін дамытады. Осылайша оқушылар өз жұмыстарында ғылыми қатаңдық пен шығармашылық еркіндікті үйлесімді үйлестіруді үйренеді.

Әдістемелік деңгейде STEAM тәсілі технологиялық мәселелерді шешуден басқа жобалық қызметте оқушылардың:

- топта жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- сындарлы сын айтып, өз пікірін қорғауға үйрету;
- презентация құзыреттерін меңгеру;
- белгісіздік жағдайында идеяларды генерациялауды үйрену;
- өнімді жасау және жылжыту үшін дизайн және маркетинг принциптерін қолдану;
- әртүрлі қызмет салаларында технологияны қолданудың шығармашылық әлеуетін іске асыру.

Қорытынды. Мектепте STEAM тәсілі робототехника сабақтарының бір бөлігі ретінде, әсіресе жарыс іс-шараларында жүзеге асырылады. Экономикалық өсудің болашағы көп жағдайда білікті инженерлік кадрлардың болуына байланысты, олардың қалыптасуы, орта мектеп деңгейінде басталып, содан кейін колледждер мен университеттерде STEAM білім беруді белсенді қолдану арқылы жұмыс жасалу керек. Білім алушылар мен олардың тәлімгерлерін жобалық іс-шараларға белсенді тартуға негізделген мақсатты даму бағдарламалары арқылы қолдау көрсетілуі керек. Осыған орай мектебімізде ғылыми жобаға келесі оқушылар қатысып жүлделі орындарға ие болды:

- зерттеу тақырыбы: "Әр түрлі көздерден судың ыдырау жылдамдығын зерттеу" 9 «Б» сынып оқушысы Смагулов Асылжан Бақытжанұлы. Жетекшісі: физика пәні мұғалімі Суртаева А.Д.

- зерттеу тақырыбы: «Бөлме өсімдігі - қазтамақ» 8 сынып оқушысы Жапарова Ботагөз Еркінқызы. Жетекшісі: биология пәні мұғалімі Мамбетбаева А.А.

STEAM технологиясы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, пәндік білімді өмірде қолдануға ықпалын тигізеді. Мектеп мұғалімдерінен команда құрылып, екі жоба іске асырылды:

1. Вертикальді және горизонтальді жоспарлаудың жаратылыстану-математикалық бағыты пәндеріндегі қолданысы. Командалық жұмыс-мектептің табысты

жұмыс жасауына және білім берудегі проблемаларды тиімді шешуге әсер етеді. Сол себепті, вертикальді және горизонтальді жоспарлауды жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерінде пәнаралық байланысты қолдануды жөн көрдік. Әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне ықпалдастықты анықтадық, ортақ ресурстарды таңдап, қысқа мерзімді жоспарды әзірленді. Ортақ оқу мақсаттары анықталған пәнаралық бір горизонталь жоспар құрылды. Оны 9-сыныпта алгебра, биология, физика пәндерінде ортақ бір горизонтальді жоспар құрылып, жүзеге асырылды.

2. Пәндік білім-тұрмыста қолдану=лайфхак. Пәндік білімді күнделікті өмірде пайдалану қазіргі өмір сүру жағдайларына сәтті бейімделу және өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдаяттық тапсырмалар көмекші құрал ретінде ұсынылады. Себебі, жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың танымдық әрекетке деген ынтасын дамытудың ресурсы бола алады. Жағдаяттық есепті шешу кезінде мұғалім мен оқушы есептерді бірлесіп шешуді үйренетін тең құқылы серіктестер ретінде әрекет етеді. Осылайша, жағдаяттық тапсырмалар мүмкіндіктері мұғалім дұрыс жауаптың көзі ретінде емес, оқушыға көмекші ретінде әрекет еткенде, мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының олардың тең әрекеттестігі бағытында өзгеруіне ықпал ету болып табылады. Барлық жағдайларда жағдаяттық есептерді шешу метапәндік нәтижелерге, яғни пәннің шеңберінен шығатын және қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданылатын білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталатын болады. 8 «В» сыныбының оқушылары тұрмыстық мәселелерді шешуде сауаттылық таныта алмайды. Осы мәселені шешу үшін жағдаяттық тапсырмаларды ұсыну арқылы, оның шешімін сабақта игерілген білімдері арқылы шешуге бағытталды.

Осылайша, STEAM-білім беру білім алушылардың алған білімдерін қоршаған ортамен байланыстыруға және жобалық бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. PISA Халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал.2013.
2. «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру». Бейсенбаева А. Алматы.1995.
3. Алексанков А.М. Төртінші өнеркәсіптік революция және білім беруді жаңғырту: халықаралық тәжірибе / А. М. Алексанков // Стратегиялық басымдықтар. — 2017. — No 1 (13). - 53-69 беттер.
4. Квачев В.Г. Индустрия 4.0: еңбектің жеңілуі немесе шығармашылық жұмыстың жеңісі? / В.Г.Квачев, М.А.Юдина // Мемлекеттік басқару. Электрондық ақпараттық бюллетень. - 2017. - No 64. - 140-158-б.
5. Конюшенко S. M. STEM vs STEAM - білім: өзгердітүсінігінің өзгеруі қалай оқыту керек / С. М. Конюшенко, М. С. Жукова, Е. А. Мошева // Балтық мемлекеттік балық аулау флоты академиясының жаңалықтары: психология-педагогикалық ғылымдар. — 2018. — No 2 (44). - 99-103 б.
6. Фролов А.В. АҚШ-тың «жаңа экономикасындағы» STEM білім берудің рөлі / А.В.Фролов // Жаңа экономика мәселелері. - 2010. - No 4 (16). - 80-90 б.
7. <https://pedsovet.org/article/stem-i-steam-obrazovanie-ot-doskolnika-do-vypusknika-vuza>

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДА STEM ОЙЛАУЫН ДАМУЫ ТУРАЛЫ

Нурашева Эльмира Нурашқызы

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, Семей қ., Абай облысы

Психология пәнінің оқытушысы, п.ғ. магистрі

Мақалада болашақ мамандардың оқыту процесінде білім алушылардың STEM ойлауын қалыптастырудың маңыздылығы мен оны дамытудағы мұғалімнің міндеттері және

жолдары туралы мағлұматтар беріледі.

В статье даются сведения о важности формирования STEM мышления обучающихся в процессе обучения будущих специалистов и задачах и путях учителя в его развитии.

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді.

Ал педагогикалық процесте қазіргі мұғалімнің міндеті – білім алушыларға олардың күнделікті тапсырмалары мен сыныптағы іс-әрекеттерінің болашаққа қалай қатысы барын көруге көмектесу болып табылады. Солардың бірі – қазіргі мамандардың проблемаларға қалай қарайтынын түсіну және STEM ойлауын қолдану арқылы шешімдерді табу.

STEM ойлауы қиын дағдыларды (hard skills) да, жұмсақ дағдыларды (soft skills) да дамытуды көздейтінін есте ұстаған жөн, онсыз біздің уақытта өмірде табысқа жету мүмкін емес. Нағыз мамандар негізделген шешімдерді жылдам қабылдауға, мәселені шешу стратегияларына дәлелдерді қолдануға, стратегиялық ойлауды қолдануға және жобаға негізделген топтық жұмыста әріптестер жасаған ұсыныстардың күшті жақтарын тануға қабілетті болуы керек. Білім алушылардың STEM білім беру арқылы осы құзыреттердің барлығын дамыта алады.

STEM ойлауын дамыту оқушылардың өзіне деген сенімін дамытуды қамтиды. Олар ең күрделі ғылыми-технологиялық, инженерлік-математикалық есептерді шешуге қабілетті екенін іс жүзінде көре алады. Бірақ ол үшін сұрақтарды дұрыс қоюды үйрену керек және оны білім алушыларға үйрету керек, бұл мұғалімдердің міндеті. Дұрыс сұрақ қою ең тиімді, дәлелді шешімдерді табуды жеңілдетеді. Болашақта олар бұл тәсілді жергілікті немесе жаһандық ауқымда өздерінің өмірлік және кәсіби мәселелерін стратегиялық шешу үшін қолдана алады.

Сонда мектеп оқушыларында STEM ойлауды қалай дамыта аламыз? Бұған модельдеу және визуализация көмектеседі. Мұғалімдерге мұны істеудің ең оңай жолдарының бірі – сұрауға негізделген оқыту. Көбінесе оқушыларға өздерінің «жаңалықтарын» жасаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі – сұрақтар қою және көргендеріне сұрақ қою. Әрі қарай, мұғалім оқушыларды олардың мүмкіндіктерін толық ашуға «итеруі» керек. Бұл – STEM ойлауы мен өсу туралы ойлаудың тағы бір ұқсастығы.

Сонымен бірге, мұғалімдер оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі үшін де ойлау жүйесін пайдалана алады. Ол үшін олардан «артқа бір қадам жасауды» және әдетте кездесетін мәселелерді қалай шешетінін есте сақтауды сұрау керек. Балаларды теріс тәжірибелерге дұрыс әрекет етуге үйрету маңызды, олар, әрине, әр адамның өмірінде жинақталады. Және, тиісінше, осы тәжірибеден дұрыс қорытынды жасап, болашақта пайдасын көруі мүмкін.

Оқыту барысында кездесетін сәтсіздік оларға берілген тағы бір мүмкіндік екенін көрсету, яғни көп жұмыс істеудің, жаңа және шығармашылық тәсілдерді сынаудың және жақсартуға ұмтылудың маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Сәтсіздік – кез келген шығармашылық және ғылыми талпыныстың, идеяны қалыптастырудың және инновацияның табиғи бөлігі. Сондықтан STEM ойлауы да сәтсіздікке дұрыс көзқарас болып табылады, ол күнделікті өмірде өте пайдалы болуы мүмкін.

Мұғалімдердің білім алушылардың STEM ойлауын дамытудың тағы бір жолы кері байланыс. Кері байланыс беру, ең алдымен, мұғалімдердің алған білімдерінің жиынтығын ғана емес, білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарын бағалайтынын көрсетуі керек. Бұл оларға қосымша мотивация береді, бұл кез келген әрекетте сәттілікке жету мүмкіндігін арттырады.

Тұтастай алғанда, STEM білім беруде шығармашылық процестің маңызы зор. Оқыту кезеңінде бұл нәтижеге жету жылдамдығынан және нәтиженің нақты практикалық пайдалылығынан да маңыздырақ.

Мұндай жобаларда мұғалім оқушыларға көмектесіп, маңызды ақпаратты ұмытып қалатын жағдайларды жоюы керек. Бұл жерде тепе-теңдікті табу маңызды: бір жағынан, нәтижеге әсер етуі мүмкін білім алушылар тарапынан өрескел қателерді «жіберіп алмаңыз», екінші жағынан, оларға талпынуға, қателесуге, болмауға мүмкіндік беріңіз.

Сонымен, мұғалім не істеуі керек:

- Оқушыларға бірнеше шешімдері бар күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік беру. Мұндай тапсырмалар сыни ойлауды, шығармашылықты және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады, бұл білім алушыларға STEM-де жиі кездесетін түсініксіз тапсырмалармен тиімді жұмыс істеуге көмектеседі.

- Білім алушыларда бастапқы қиындықтар мен сәтсіздіктерге қарамастан, олардың күш-жігерінің табысқа әкелетінін көру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Сәтсіздікті «қалпына келтіру», тез арада ойлаудың жаңа бағытын ояту және балаларды сәтсіздікті жаңа нәрсені үйрену мен игерудегі маңызды қадам ретінде қабылдауға үйрету керек.

- Оқушыларға оқу үдерісінде, соңғы нәтижені де өз бетінше бағалау мүмкіндігін беру. Оқу процесінің өзін-өзі бағалауы оқу процесінің соңында ғана емес, бүкіл оқу үдерісінде орын алуы керек және басқалармен қатар, топтық жұмыс, өзін-өзі басқару, жеке үлес және қатысуды жақсарту жолдары туралы рефлексияны қамтуы мүмкін.

Қалай болғанда да, STEM әдістерін оқу барысында мектеп оқушылары ғылым мен техникада жетістікке жету үшін жоғары интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетке ие болу керектігін тез түсінеді. Шынайы STEM ойлауы олардың осы әлеуетті дамыта алатынына бір сәтке де күмәнданбауды білдіреді.

Білім алушылардың STEM ойлауын дамытудың тағы бір жақсы жолы – оның барлығы іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін көрсету. Бұл тәсіл мұғалімдерге жай ғана ресми тапсырмаларды емес, негізгі ұғымдарды жалпы түсіну маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Білім алушылар мүмкіндігінше нақты жобаларға қатысып, нақты мәселелерді шешуге тырысуы керек. Бұл олардың күш-жігерінің практикалық нәтижелерін көруге мүмкіндік береді. Олардың жұмысының шынайы әлеммен байланысы бар екенін білу оларды жаңа нәрселерді сынауға, шығармашылыққа және әртүрлі мәселелерді шешу үшін STEM ойлау дағдыларын қолдануға шабыттандыруы мүмкін.

Қорытындылай келе, әр баланың әртүрлі екенін есте ұстауымыз керек. Сол себепті, STEM ой-өрісін дамытуға және бір нәрсені үйренуге келген білім алушыға мұғалімдерден көбірек табандылықты қажет етеді.

Мектеп оқушыларының STEM ойлауын дамытудың негізгі жолдары:

- Модельдеу және көрнекілік.
- Сұрауға негізделген оқыту.
- Күмән шындықты іздеудің негізі ретінде.
- Мәселелерді шешудің өзіндік тәсілдерін интроспекциялау.
- Сәтсіздікті пайдалы тәжірибе көзі ретінде түсіну.
- Мұғалімнің кері байланысы.
- Көмек пен тәуелсіздікті ынталандыру балансы.
- Тәуелсіздікке жәрдемдесу мен көтермелеу балансы.
- Демонстрация және тәжірибемен байланыс.

STEM білімінің және STEM ойлауының 10 басты артықшылығы:

- Интегративті тәсіл және оқу пәндерін тығыз байланыста зерттеу жүйелі ойлауды және жалпы жағдайды көре білуді қалыптастырады.
- Алынған білім алаңдаушылық емес, пәндік болып табылады.
- Алған білімдерін нақты мәселелер мен міндеттерді шешу үшін практикада қолдану мүмкіндігі қалыптасады.
- Жобалық жұмыс және шындықты табу үшін бір нәрсеге күмәндану қажеттілігі сыни ойлауды қалыптастырады.
- Өз қабілеттеріне деген сенімділіктің артуы нақты қол жеткізілген жетістіктер

негізінде жүреді, бұл өзін-өзі бағалауға ықпал етеді.

- Өзіне деген сенімділіктің артуы іс жүзінде қол жеткізген табыстар негізінде туындайды, бұл өзін-өзі бағалаудың адекватты болуына ықпал етеді.
- Практикалық тапсырмаларды орындау барысында hard skills дамыту.
- Командалық және жобалық өзара іс-қимыл барысында жұмсақ скиллдерді дамыту.
- Шығармашылық ойлауды және әртүрлі міндеттерді шешуге инновациялық көзқарасты дамыту.
- Қандай да бір мәселе туындағаны туралы стрестен арылу.
- Техникалық шығармашылыққа қызығушылықтың пайда болуы және қазіргі әлемнің көптеген мамандықтары туралы бірден түсінік алу.

Сонымен, STEM білім беру және STEM ойлауы да пайдалы, өйткені олар мамандықты қате таңдау және уақытты жоғалту қаупін азайтады. Көп жағдайда STEM білімімен «қамтылған» мектеп оқушылары мектепті бітірген кезде әрі қарай дамуды қалайтын бағыт туралы нақты түсінікке ие болады. IT-технологиялар, робототехника, фармацевтика, гендік инженерия, өнеркәсіптік дизайн және көркем дизайн тоғысында заманауи мамандықтардың алуан түрлілігі мектеп оқушыларының ой-өрісін кеңейтіп, кәсіптік бағдар беруді жеңілдетеді. Бұл кез келген жаста, кез келген кәсіпте және әлемнің кез келген жерінде кез келген адамға пайдалы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі».
2. STEM - білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. -160 б.
2. Сафуллин Е.Н., Дускалиев Н.К., Шагиров С.С. Смарт оқытуға алғашқы қадам. Орал, 2014.

"СТРОИМ БУДУЩЕЕ С STEM: РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОТ ДОШКОЛЬНОГО ДО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ"

Нигматуллина Альфия Рафаильевна

Заместитель руководителя областного инновационно-методического центра области Абай.

В сфере образования области Абай активно развивается STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics). STEM играет ключевую роль в подготовке студентов к современному миру, где технологии и инновации становятся все более важными. Программы STEM в различных уровнях образования (дошкольном, среднем и техническом профессиональном) стремятся развить у студентов навыки анализа, критического мышления, решения проблем, а также подготовить их к будущей карьере в областях науки, техники и математики.

В сфере дошкольного образования активно применяется игровой подход (геймификация) к STEM. Дети занимаются интересными и развивающими активностями, такими как конструирование различных сооружений из строительных блоков или использование робототехнических конструкторов, получают начальные познания о физике, а также использование интерактивных игр для развития математических навыков. В дошкольном образовании развитие STEM играет важную роль в стимулировании любознательности и интеллектуального развития маленьких детей. Использование робототехнических конструкторов представляет собой увлекательный способ внедрения элементов инженерии и технологий в образовательный процесс.



Дети знакомятся с базовыми научными концепциями через практические опыты и игры. Например, изучение простых физических законов через эксперименты с наборами для научных исследований. Возрастающая популярность робототехнических конструкторов в дошкольном образовании позволяет детям экспериментировать с основами робототехники. Они могут собирать и программировать простых роботов, что помогает развивать логическое мышление и представление о технологиях.

STEM в дошкольном образовании стимулирует творческое мышление у детей. Они учатся находить нестандартные решения проблем, используя элементы науки и инженерии.

Программы STEM также направлены на развитие ключевых навыков, таких как коммуникация, сотрудничество и уверенность в себе, которые играют важную роль в дальнейшем обучении и социальной адаптации детей.

Использование робототехнических конструкторов в дошкольном образовании представляет собой инновационный подход, который помогает маленьким детям освоить основы технологий и программирования уже на ранней стадии образования. Это также способствует формированию интереса к STEM-дисциплинам с самого начала образовательного пути, что может стать основой для более глубокого изучения наук в будущем.

Программы в дошкольных садах и центрах стимулируют интерес детей к наукам через занимательные и интерактивные деятельности, такие как изучение растений, животных, основ программирования и простых инженерных проектов.

В среднем образовании используется интегрированный подход к STEM, объединяющий эти предметы для решения реальных проблем. Ученики участвуют в проектах, которые требуют знаний из всех областей STEM, таких как создание роботов или разработка экологических решений.

Школьные программы ставят упор на практические навыки, такие как программирование, робототехника, использование компьютерных программ для моделирования и анализа данных.

В среднем образовании развитие STEM становится более систематическим и углубленным, предлагая учащимся более серьезные возможности для изучения наук и технологий. Школы внедряют специализированные STEM-кабинеты с различными приборами и технологическим оборудованием, такими как робототехнические системы, лаборатории физики и математики, а также инновационные проекты, такие как роботизированные умные дома.



Школы оборудуют специализированные классы или лаборатории для обучения STEM. Здесь студенты могут работать с различными технологическими устройствами, включая робототехнические конструкторы, 3D-принтеры, компьютеры для программирования и многое другое. Это позволяет им получить практический опыт в области инженерии, программирования и робототехники.

В школах создаются проекты по созданию роботизированных умных домов в рамках STEM-программ. Это включает работу со смарт-устройствами, IoT (интернет вещей), программированием датчиков и управлением умными системами для домашнего комфорта и безопасности.

В полных школах области имеются специализированные лаборатории для проведения экспериментов по физике и математике. Учащиеся изучают законы физики через практические демонстрации и исследования, а также проводят математические эксперименты с использованием современных инструментов и технологий. Программы включают интегрированный подход к STEM, где ученики учатся применять знания из различных дисциплин для решения сложных проблем. Это может включать создание проектов, которые требуют знаний физики, математики, программирования и инженерии.

В целом, среднее образование в области STEM становится все более целенаправленным и ориентированным на практическое применение знаний. Школы стремятся подготовить студентов к современной технологической среде, где востребованы навыки в области науки, технологии, инженерии и математики.



Технические и профессиональные учебные заведения предлагают программы по STEM, которые готовят студентов к работе в индустрии. Это включает курсы по инженерии,

информационным технологиям, механике, электронике и другим техническим специальностям. Студенты технического и профессионального образования получают практические навыки и опыт, который может быть полезен при выборе будущей карьеры в STEM-сфере. Это может включать работу с инженерными проектами, разработку программного обеспечения или исследования в области науки.

Студенты в техническом образовании часто участвуют в реальных проектах, проводят стажировки в компаниях и лабораториях, что позволяет им применять знания на практике и учиться работать в команде.

Программы STEM в технических учебных заведениях предлагают интегрированные курсы, объединяющие науку, технологии, инженерию и математику. Студенты изучают эти предметы не по отдельности, а в контексте реальных проектов и задач, что помогает им увидеть взаимосвязь между различными областями знаний.

Основной акцент делается на развитии практических навыков. Студенты занимаются реальными проектами, которые включают конструирование, программирование, решение инженерных задач и разработку технологических систем.

Организации технического и профессионального образования обладают современными лабораториями и специализированным оборудованием для проведения практических занятий. Они включают в себя компьютерные классы с программным обеспечением для моделирования, лаборатории с инструментами для измерения и анализа данных, оборудование для робототехники и автоматизации.

Образовательные программы в техническом образовании ориентированы на подготовку студентов к конкретным профессиональным областям. Это может включать специализацию в области электротехники, машиностроения, информационных технологий, авиации, робототехники и других отраслей.

Организации технического и профессионального образования устанавливают партнерские отношения с промышленными компаниями и предприятиями, что позволяет студентам участвовать в стажировках, проектах совместно с профессионалами и решать реальные задачи, сталкиваясь с вызовами современной индустрии.

Распространенное заблуждение об образовании в STEAM заключается в том, что оно вращается исключительно вокруг преподавания науки, технологии, инженерного дела, искусства и математики как отдельных предметов. На самом деле STEAM подчеркивает интеграцию этих дисциплин для поощрения целостного и междисциплинарного подхода к обучению. И это может быть достигнуто за счет эффективной интеграции следующих элементов в учебном процессе:

Обучение на основе проектов: Включайте практические занятия на основе проектов, которые поощряют учащихся применять знания и навыки из нескольких дисциплин для решения проблем.

Межпредметные связи: Подчеркивайте связи между различными предметами STEAM во время уроков.

Интеграция технологий: Использование образовательных технологий является фундаментальным аспектом STEAM образования. Ученики учатся использовать технологические инструменты и ресурсы, для улучшения своего понимания связей между этими дисциплинами с помощью геймификации, совместной работы, виртуальной реальности, симуляций и виртуальных лабораторий.

Обучение, основанное на опросе: Поощряйте учеников задавать вопросы и проводить исследования, охватывающие несколько дисциплин.

Сотрудничество и коммуникация: Поощряйте сотрудничество между учащимися для работы над их коммуникативными навыками, как письменными, так и устными.

В заключение, интеграция STEAM-технологий в образование открывает новые возможности для развития учащихся. Она учит их анализировать, создавать и решать проблемы в интердисциплинарном контексте, а также развивает креативность и критическое мышление. STEAM-образование помогает подготовить учащихся к современному обществу и будущим профессиям, где технологии и научные знания играют все более важную роль. Это является не только ключом к успешной карьере, но и способствует личностному развитию и самоосознанию учащихся в целом.

Список используемой литературы

1. Jolly A. Six Characteristics of a Great STEM Lesson // Education Week: Teacher. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: URL: http://www.edweek.org/tm/articles/2014/06/17/ctq_jolly_stem.html
2. STEM Education in Southwestern Pennsylvania. Report of a project to identify the missing components. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: URL: <https://www.cmu.edu/gelfand/documents/stem-survey-report-cmu1.pdf>
3. Анисимова, Т. И. STEAM-образование как инновационная технология для Индустрии 4.0 / Т. И. Анисимова, О. В. Шатунова, Ф. М. Сабирова. Текст: непосредственный // Научный диалог. 2018. № 11. С. 322–332.
4. Дорофеева, А. С. Анализ развития STEAM-образования в России и за рубежом / А. С. Дорофеева. Текст: непосредственный // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота: Психолого-педагогические науки. 2020. № 4 (54). С. 236–242.

ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕГІ – STEAM (STEM) БІЛІМ БЕРУ. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ.

Турарова Асель Амирбековна, №8 ОМ, Талдықорған қаласы

География пән мұғалімі

Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады.

Ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM-Ғылым, Техника, Инженерия және Математиканың аббревиатурасы. Ол осы пәндердің барлығын бір қолшатырдың астына жинайды. STEM-бұл қолданбалы ғылымдарға апаратын жол, өйткені бұл пәндердің барлығы бірнеше қосымшалар үшін практикалық салада қолданылады. STEM корпоративтік секторда жұмыс істейтіндердің барлығы үшін өмірлік маңызды білім болып саналады, өйткені ол сыни ойлауды қалыптастырады, сонымен қатар оқушыларға психикалық және физикалық тұрғыдан жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін көптеген басқа артықшылықтарды береді. STEM біздің өміріміздің барлық жерінде дерлік бар, біз қай салада оқысақ та, жұмыс істесек те, STEM-мен байланысы бар құбылыстарды бастан өткереміз және STEM-ді үйрену арқылы біз жұмыс пен өмір арасындағы тамаша қарым-қатынасты қамтамасыз ете аламыз. STEM негізіндегі білім сізге осы әсерлерді нақты өмірлік жағдайлармен түсінуге көмектеседі, бұл сізге бүкіл процесті жеңілдетеді және осы тұжырымдамаларды қолданады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

S- ғылым

T-технология

E-инженерия

A-арт, дизайн

M-математика

STEAM білім берудің маңыздылығы

Осы бағыттардың әрқайсысы біздің қоғамның алдында тұрған күрделі міндеттерді шешу және оқушыларды STEM-мен байланысты салалардағы болашақ мансап пен мүмкіндіктерге дайындау үшін аса маңызды.

STEM білімін ерте жастан, ғылымға деген қызығушылығы мен біліктік дағдыларын тудыратын іс-шаралар мен ойындар кезінде, теориясы мен нақты салаларда практикалық қолданылуы тереңдетілетін білімнің жоғары деңгейлеріне дейін қолдануға болады.

Осы салалардағы мансап жоғары сұранысқа ие және үнемі дамып келе жатқан бүгінгі

жаһандық экономикада STEM білім беру саласына баса назар аудару барған сайын маңызды болып келеді. Бұдан басқа, әлемде технологиялық және ғылыми жетістіктер тез өзгеруде, ал STEM білім беру оқушыларды осы сын-тегеуріндерді шешуге дайындау және өз жолына түсетін мүмкіндіктерді пайдалану үшін өте маңызды, яғни Hard дағдысынан Soft дағдысына бағыттап, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға зор мүмкіндік береді.

География пәнінде қолданылған STEAM технологиясы ғылыми білімді практикада қолдану арқылы әр тақырыптың мақсатына толық жетуге үлкен мүмкіндік. Осы орайда, өз сабақтарымда қолданып жүрген *STEAM білім беру негіздерімен таныстыратын болсам:*

1-мысал, 6-сынып жаратылыстану пәні

Сабақ тақырыбы: Заттардың жіктелуі тақырыбы

Мақсаты: 6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап ортаны айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау мақсатында өткізген сабағымда оқушыларға тәжірибелік жұмыс жасатып, арнайы индикатор көмегімен ортаны анықтатып, нақты мақсатқа жеттім.



Сабақ барысында әр оқушы индикатор көмегімен ортаны анықтап, алған білімдерін Word Woll платформасында бекітті. Шәкірттерім тірі және өлі табиғаттағы ортаны анықтап



қана қоймай, бейтараптандыруды үйренді. Сабынды бейтараптындыру, қышқылды жою тәсілдерін тауып, практикалық жұмыс орындады. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу процесі де жүрді.

2-мысал, 8-сынып география пәні.

Сабақ тақырыбы: Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалы

Мақсаты: 8.5.1.2-жекелеген дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды

Жоғары деңгей мақсатқа жетуде барынша іздедім. Нәтижесінде, күрделі технологиясының назарға алдым. Жұмыс үнемдеуге, оқушылар тиімді цифрлық жұмысын Plickers



дағдылары бойынша берілген тиімді әрі мүмкіндігі зор әдісті мақсатқа жетуде STEAM абривиатурасын алу тиімділігін барысында қазіргі таңда уақыт қызығушылығын арттыруға платформаларды қолданып, үй платформасымен пысықтадым. күрделі: «Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық бағалау» болған. Ресурсты экономикалық бағалаудың

× Табиғат ресур...
plickers.com

1. Табиғат ресурстарының құнының ақшаға шағылуы түрінде анықталуы:

- A. Экологиялық бағалау
- B. Экономикалық бағалау
- C. Сандық көрсеткіштер
- D. Ресурспен қамтылу

2. Қостанай облысы Сарыбай кен орынындағы темір кенінің құрамында неше пайыз темір бар?

- A. 100%
- B. 55%
- C. 33%
- D. 10%

3. Сарыбай кен орынындағы темір кенінің жалпы қоры 889 млн.тонна. Осы қор жан басына шаққанда қаншадан келеді?

- A. 444,5 т
- B. 252 т
- C. 760 т
- D. 802 т

4. Темір қаласы Қара мөл Чымы өзендерінің түбінен өмірде салынған СЭС қоршаған ортаға қандай әсер етті?

- A. Қаланы электр энергиясымен толық қамтамасыз етті
- B. Табиғи экожүйені өзгертті
- C. Су көлемін азайтты
- D. Экологиялық апатқа әкелді

5. Талдықорған қаласы, Ащысай ауданында ауданы 10 соттан 2 жер телімі сатылымда тұр. Бірақ, бағалары әртүрлі. Бәйбіше- 10 млн теңге, ал Мейіш- 7 млн теңге. Неліктен біріншісі қымбаттырақ?

- A. Су құбыры тартылмаған
- B. Табиғи газ тартылмаған
- C. Тұз етегіне орналасқан
- D. Қалада, жолға, негізгі жолға орналасқан

пlickers

түрлерін, экологиялық бағалауда қоршаған ортаның сапасына назар аударылатындығын оқушылар меңгерген, сол себепті функционалды сауаттылықты арттыруға бағытталған тест тапсырмаларын құрдым. Тапсырмалар төмендегідей:

Жаңа тақырыпты меңгертуде топтық жұмысты STEAM аббревиатурасын әдіс ретінде қолдандым.

ТЖ. Оқулық мәтінінен, қосымша ресурстардан жинаған ақпарат негізінде берілген тақырыпта STEAM зерттеуін жүргізіп, аймақтар ресурсына баға беріңдер.


S- ғылыми зерттеу

T- Ғаламтордан қор жинау, платформа пайдалану

E- Ақпараттың экологиялық салдарын, проблемаларын талдау

A- Проблеманы шешу жолдарын ұсыну

M- математикалық негізде болашақтағы қоры мен қамтылуын есептеу арқылы бағалау.



1-топ. Минералды ресурстар 2-топ. Жер (орман) ресурстары 3-топ. Су ресурстары

S- Әлем бойынша ресурс қорлары туралы зерттеді, ақпараттар жинақтады

T- Ғаламтордан қор жинады, платформа пайдаланды, қызықты қосымша деректер айтты

E- Туындаған проблеманы анықтап, математикалық есептеулер негізінде ақпараттың экологиялық салдарын талдады

A- Проблеманы шешу жолдарын дизайн арқылы ұсынды.

M- Болашақтағы ресурстың қоры мен қамтылуын математикалық есептеу арқылы бағалау жүргізді.

Аталған тапсырма негізінде сабақ мақсатына толық жетті. Оқушылар алған білімдерін контекстік тапсырманы Mentimeter платформасында орындап, білімдері нақтыланды.

STEAM арқылы оқушыларда ойлау, жан-жақты даму, іздену, математикалық есептер шығару (тақырыпқа байланысты), алған білімдерін өмірде қолдану (проблеманы шешу жолын ұсынғанда) дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, балалар топта жетелеуші, алға басушы, бірге жүруші оқушыларға жіктеле келе, ұжымдасып Hard яғни, академиялық білім негізінде Soft дағдылары нәтижесінде функционалды сауаттылықтары қалыптасты. Сыни ойлана отырып, жаңаша мүмкіндіктерге қол жеткізді.

География пәнінде STEAM қолдану әрбір сыныпқа, әрбір тақырыпқа өте тиімді деп нақты айта аламын. Назарларыңызға өз тәжірибемнен екі сабаққа ғана қысқаша талдау жасалды. Алайда, күнделікті сабақтарымда Атмосфера тарауында Ventusky қолдану, Гидросфера тарауында метеостанциялық деректермен байланыстыру, Google Earth, Google it басқа да көптеген платформалар негізінде сабақты түрлендіру арқылы, оқушыларды іздендіріп, жаңа форматтағы шәкірт тәрбиелеу-география пәнінен зор мүмкіндік тудырып отыр. Функционалды сауаттылықты дамытуда жан-жақты креативті ойланудың негізі - академиялық білім мен нақты теория деп білемін. Осы орайда, оқушылар үшін STEAM құнды құрал болып табылады, өйткені олар абстрактілі ұғымдарға қол жеткізуге, қауіпсіз эксперимент жасауға мүмкіндік береді, икемді және онлайн режимінде қолжетімді, сондай-ақ дереу интерактивтілік пен кері байланысты ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilimainasy.kz/stem-мектеп-оқушыларын-оқытудың-жаңа/>

2. <https://daryn.online/article/2417>
3. География пәнін оқытудағы STEM технологиясының мүмкіндіктері әдістемелік құралы

STEAM-БЕЙІНДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘСІЛ: МЕХАНИКАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ MS EXCEL

Берлибаев Қайсар Жайлаубайұлы

**Жетісу облысы «Ақсу ауданының білім басқармасы» ММ «Көшкентал орта мектебі,
мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ Көшкентал ауылы**

Физика пәнінің мұғалімі

STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) - жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математика. STEAM оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылатын кең термин. Steam-білім беру тұжырымдамасының негізінде жатқан интегративті оқыту жаңа емес, ол туралы Дж. Якман. STEAM-білім беру идеяларының пайда болуы мен дамуына серпін берген алғашқы ғалымдардың Р. Декарт, ғылым әдіснамасы бойынша еңбекте барлық ғылымдар "Ақыл- ойды басқаруға арналған ережелер" деп жазды ". Олар бір-бірімен байланысты, болғандықтан бәрін бір-бірінен ажыратқаннан гөрі бірден зерттеңіз.

STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) - жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математика. STEAM оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылатын кең термин. Сондай-ақ, бұл термин білім беру үдерісіне көзқарасты білдіреді, оған сәйкес білім арудың негізі ғылыми құбылыстарын қарапайым және қол жетімді білім аруды жеңілдетеді және процестерді терең түсінуге көмектеседі. STEAM аббревиатурасы 2001 жылы АҚШ-тың Ұлттық ғылым қорының (АҚШ үкіметі жанындағы тәуелсіз агенттік, медицинадан басқа ғылымның барлық салаларында фундаменталды зерттеулер мен білім беруді ұсынатын) ғалымдары білім беру және кәсіптік салалардағы тенденцияны белгілеу үшін ұсынылған. Мінсіз STEM-білім беру-бұл оқушылардың командалық және жобалық жұмысын, прогрессивті оқытушының көмегін, жабдықтарды, бірнеше ғылымдар мен оқу пәндерін біріктіруді, шығармашылық пен шығармашылықты қамтитын кешенді тәсіл. Осы жаңа, әрі тиімді ұғым жайлы , STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау бойынша әдістемелік ұсынымдар кітабында, былай дейді «Алайда, "STEAM-білім" ұғымын нақтылауды және идеялар сияқты ұғымға Тарихи ретроспективті талдау жүргізуді мақсат етті.

Steam-білім беру тұжырымдамасының негізінде жатқан интегративті оқыту жаңа емес, ол туралы Дж. Якман (G. Yakman) [1], STEAM-білім беру идеяларының пайда болуы мен дамуына серпін берген алғашқы ғалымдардың Р. Декарт, ғылым әдіснамасы бойынша еңбекте барлық ғылымдар "Ақыл- ойды басқаруға арналған ережелер" деп жазды ". Олар бір-бірімен байланысты, болғандықтан бәрін бір-бірінен ажыратқаннан гөрі бірден зерттеңіз. Сонымен, егер біреу шындықты зерттегісі келсе ол жеке заттарды таңдамауы керек. Ғылым: салаларының барлығы ішінара және бір-бірімен тығыз байланысты Тәуелді. Ғылымдарға қатысты ойлар Бәрінен де әділі – дұрыс ойлау. Егер адамдар арасындағы пікірлер сан қилы болса, ол кейбіреулердің ақиқатты тануға өресінің жету-жетпеуінде емес, адамдардың өз ақыл-ойын жақсы басқарып, ал қайсыбірінің оны дұрыс пайдаланбауында. Декарт өзі мәнін аша алған әдіс туралы айтайын дегенін кеңінен ашып түсіндіреді[12]. Педагогика бойынша іргелі жұмыстардың авторы Я. А. Коменский бірнеше рет өз еңбектерінде әртүрлі пәндер, жекелеген білім салалары арасындағы диалог екенін атап өттеді.әлемді тану әдістері-тұтастықтың кілті - дүниетану. Ғылымдарды белсенді саралау, олардың өз пәнін іздеу, нақты зерттеу әдістері XVII ғасырда басталды.

Қазақстандық білім беру саласында соңғы жылдарға дейін мектептерде жаратылыстану математикалық және қоғамдық гуманитарлық бағытта бейіндік оқыту басым болды. Инженерлік технологиялық бағыт жеке пәндерде қарастырылды. Инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негізекендігі ескеріліп, STEM білім берудің өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға жол ашылды. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы. STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау маңыздылығы артуда.».

Біз кез - келген технологияны, әдіс - тәсілді пайдаланғанда оқушыға тиімді жолдарын іздейміз. сауаттылықтарын жетілдіре отырып жаратылыстану бағыты пәндерінен (физика, география, химия, биология, информатика т. б сабақтардан білімін жетілдіру үшін алдымен теориялық білімді алады. Бірақта оны өмірде қолдану жақтары жоғары деңгейде қарастырылмаған. Оқушыларды осы пәндерден алған білімді қолдана алатын жағдайлар тудыруымыз қажет. STEM ерекшелігі – бұл пәнаралық байланыс принципі, яғни бірнеше пәнді біріктіре отырып, бірнеше пәндерден алған білімді қоса отырып, жаңа бір қолданбалы мақсатқа жету. STEM-білім беру оқу процесін, мансапты және одан әрі кәсіби өсуді біріктіретін өзіндік көпір болып тұжырымдамасы балаларды кәсіби деңгейде техникалық дамыған әлемге дайындауға мүмкіндік береді. Бұл білім технологиясын пайдаланудың ең тиімді жолы – «Пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша кіріктіріп оқыту» болып табылады. Мысалы 7 сынып оқу бағдарламасында «физика» пәніне механикалық қозғалыс бөлімінің, «Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері» тақырыбы мен «информатика» пәніндегі «Кестелік деректерді графикалық түрде ұсыну» тақырыптарын кіріктіріп оқытқан өте тиімді болады. Себебі осы екі тақырыпты кіріктіріп оқыту екі пәннің де оқу мақсатын орындауға мүмкіндік береді. Бұл тақырыптарды кіріктіріп оқыту ұстаздар мен оқушыларға қандай нәтиже береді:

1. Мәселен осы екі тақырыпқа да, бір сағаттан берілген болса, онда оның сағат саны екіге өседі деген сөз. Ал сағат санының өсуі орындалатын тапсырмалардың санының өсуі деген сөз. Ал орындалған тапсырмалардың саны оқушылардың білім сапасының кепілі десек қателеспейміз;
2. Ғылым мен техника қарқынды дамыған, жаһандану заманында оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді;
3. Ұқсас тапсырмаларды орындау жылдамдығы ондаған есе артар еді. Себебі компьютерде мәліметтерді өзгерту тиімді, яғни қайта жазуды талап етпейді. Сонымен қатар «MS EXCEL» бағдарламасы есептеулер мен график сызуды автоматты түрде орындайды.
4. Координаталар осьтерін сызу кезіндегі білімалушылардың қателесу қаупі азаяды. Себебі бағдарлама координата осьтерін автоматты түрде берілген кестеден алады. Білімалушыларға кестені орындаса жеткілікті.
5. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын арттырады. Себебі графикті қалпына келтіру оңай әрі тиімді екеніне көз жеткізген білім алушы өз ойына келгенің қорықпастан бағдарламаға енгізе алады.
6. Жеке, жұптық және топтық жұмыстар да қолдана алу мүмкіндігі бар. Тапсырмаларды кез-келген методикалық тәсілдерді қолданып ұсынуға болады.

STEM-технологиялардың теориялық мәселелерін қарастыруда қазіргі білім беру үдерісінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін жаңа, неғұрлым тиімді технологиялар екендігі сараланды. STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Сондықтан да STEAM оқытуда тіл үйренушінің белсенділігі, зияткерлігі, парасаттылығы анықталады. Олардың жеке қасиеттерін ашу арқылы танымдық күшін қалыптастырып, шағармашылық қабілетін дамытады. Оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру оқытушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді.

Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау» Нұрсұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. – 120 б.
2. [[STEM — Уикипедия \(wikipedia.org\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/STEM)]

«БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM БАҒЫТЫН ДАМУ»

Берликенова Гульмира Карибаевна
«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар

Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жетісу облысы Алақөл ауданы

STEAM - жаратылыстану, технология, инженерия және математика оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылады. STEAM терминінің түпкі түсінігі білім беру үдерісінде білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыру, сапалы білім алуын, алған білімдерін өмірде дұрыс қолдана білу мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізу. Физика пәнінен оқушыларды STEAM әдістемесі арқылы жігерлендіру оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі дидактикалық материалдар, тапсырмалар, көрнекіліктер, тесттер, ойын түрлерін ұйымдастыру қажет деп ойлаймын.

Ыбырай Алтынсарин айтқандай, педагогикада ең бастысы мұғалім оқытудың дұрыс әдісін таба білуі, әр пән мұғалімі сабағының сапалы өтуін басты назарға алуы тиіс. Қазағымыздың керемет мақалдарының тәрбиелік мәні өте зор. «Көрпеңе қарай көсіл» - дегендей, қазіргі таңда дамып келе жатқан заман, сол заман талабына сай алдымыздығы оқушыларды жан-жақты оқытып, дұрыс тәрбие беру –әр ұстаздың тікелей басты міндеті.

Елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған функционалдық сауаттылықты арттырып сапалы білім беру жүйесі қалыптасып келеді. Әр педагогке осы процестің педагогикалық теориясы мен практикадағы елеулі өзгерістері қатар жүретіні мәлім. Білім алушыларды танымдық қызметті дамыту және оқыту ынтасын қалыптастыру – мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың аясында педагогтың алдында тұрған міндет осы. Оның түпкі мақсаты баланы білімге қанықтыру емес, керісінше алдағы өмірдің түрлі салаларындағы мәселелерді өз беттерімен және шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін біліктіліктерді дамыту қажет. Білім алушылардың алған дағдылары, білімдерін қолдануды үйренгендер ғана ертеңгі күннің көшбасшысы деп ойлаймын. STEAM білім алушыларға жаңалықтарды, мәтіндерді өз беттерімен ашу, талдау, зерттеу, болжау, қолдану мүмкіндіктерін беретін әдістеме түрі.

STEAM - жаратылыстану, технология, инженерия және математика оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылады. STEAM терминінің түпкі түсінігі білім беру үдерісінде білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыру, сапалы білім алуын, алған білімдерін өмірде дұрыс қолдана білу мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізу.

STEAM технологиясы арқылы оқушылар негізгі қажетті дағдыларды дамытады. Атап айтатын болсақ, бірінші мәселені шешу, екінші шығармашылық, үшінші сыни талдау, төртінші топтық жұмыс, бесінші ойлау, алтыншы бастама алу, жетінші байланыс орнату, сегізінші цифрлық сауаттылықты арттыру. STEAM ғылымы үш негізгі бағыттың екеуіне жатады, яғни жаратылыстану ғылымдары және математика ғылымдары.

«Оқыту мен оқу үдерісіндегі білім – жарқын болашақ кепілі» дегендей білімді ұрпақ тәрбиелеу оқытудың тиімді әдістеріне негізделіп тұр. «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» , яғни оқытудың тиімді әдістері оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Оқу

бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды көздейді. Оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі. Оқушыларымыздың болашағы үшін сапалы білім беру мұғалімнің басты міндеті. Білім берудің мақсаты – білім мазмұнының сапалылығы, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігі қажет. Қоғамның зиялы азаматына білім беру жоғары дамыған сын тұрғысынан және креативті ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамда нақты қадам жасауына дайын адамды тәрбиелеу. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топтық және жеке жұмыс жасай білуі, тілдік дағдылары, күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Сабақта мұғалім емес, оқушының басты рөлде болуы, ал мұғалім дайын білімді емес, білім алуға бағыт беруші, нұсқаушы ретінде болуы керек. Сабақ нәтижелі болу үшін мұғалім–оқушы, оқушы–оқушы бірлесіп жұмыс жасағаны абзал.

Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Сол себепті білім сапасын арттыруды негізге ала отырып, сабақ барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді, әр түрлі құралдарды қолданып сабақтар жүргізіледі. Өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін білім беру мазмұнын жаңғырту, жаңаша көзқараспен қарау қажет етіледі.

Физика пәнінен оқушыларды STEAM әдістемесі арқылы жігерлендіру оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі дидактикалық материалдар, тапсырмалар, көрнекіліктер, тесттер, ойын түрлерін ұйымдастыру қажет деп ойлаймын.

Тәрбие құндылықтарының талап бөлімі бойынша білуге, жаңаны тануға құштар ету, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету жобасы аясында оқушылармен жұмыстар жүргізілуде. Осы ерекшеліктердің арқасында сабақ беретін сыныптарда білім сапасын өзгерісін байқауға болады.

Қазіргі таңда оқытуда тапсырмаларды әзірлеуді үнемі жетілдіріп отыру маңызды саналады. Себебі ақпараттың ауқымды жағдайында оқушы алған білімін пайдалана алу мүмкіндігін жетілдіріп отыруды қажет етеді. Осыған орай, әр сыныптарға тапсырмалар дидактикалық материалдар сапалы түрде дайындалуда.

Физика ғылымы қоршаған әлемнің сансыз құбылыстарында орын алатын табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Физиканың зерттеу ауқымы кең, сондықтан ол қоршаған әлем жайлы білімнің маңызды көзі болып табылады. Қазіргі заман талабы оқушыларға терең білім мен ғылыми болжам жасай алатын талапты болуды міндеттейді. Бұл тапсырмалар мазмұны жағынан мектептегі негізгі курстық бағдарламаға сай, негізгі заңдар мен ұғымдарға есептер шығару жолдарын үйрету мен ол заңдардың мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын STEAM әдістемесі арқылы дамыту аясында, жүргізілген жұмыстар нәтижесінде көптеген оқушылар облыс көлемінде, аудан көлемінде жеңістерге жетіп жатыр.

Әр пән мұғалімі сабақтарды тиімді және қызықты өткізу, шығармашылықты арттыру үшін STEAM әрекеттерін жылдам жобалауды үйренуі қажет. Қадамдық нұсқаулықтар мен дайын білім беру шешімдерін анық айқындай білуі қажет.

үшін

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Хочу учиться! Вызываем интерес к учебе по методу STEAM Медведева Таня
2. <https://caravanofknowledge.com/conference2020-kz>
3. STEAM – әлемдік білім беру трендін тиімді пайдалану ...

Тақырып. «STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУЫ»

Тоганбаев Кайнар Саркытович
«Теректі орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар»КММ,
Жетісу облысы, Алакөл ауданы

Математика мұғалімі

Әлем жылдам өзгеруде. Мектептегі білім берудің мақсаты – оқушының оқу-тәрбие процесінде өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау, оқушының өмір жолының барлық кезеңдерінде өнімді, дербес әрекеттің субъектісі болуға дайындығын дамыту.

Әр оқушының белсенді, ынталы, ізденімпаз жұмыс істеуі әрбір мұғалімді алаңдатады. Математика сабағында психикалық жүктеменің артуы оқушылардың оқытылатын материалға деген қызығушылығының әлсіреуіне әкеледі. Нәтиже өмірді өзгертетін нәтижеге ие болғандықтан, шынайы қызығушылық пен оларды шешуге деген ұмтылысты оятатын нақты өмірлік жағдайларда туындайтын мәселелер қажет. STEAM Technologies көмегімен оқушылардың математикаға деген қызығушылығын қолдауға болады. Негізгі математика мен жаратылыстану, физика, тарих, әдебиет, биология, информатика және т.б. арасында тікелей байланыс орнататын тапсырмалардан тұрады. STEAM тәсілінің негізгі идеясы практиканың теориялық біліммен бірдей маңызды екендігі. Яғни, оқу барысында тек миымызбен ғана емес, қолымызбен де жұмыс істеуіміз керек. Бірғана сыныпта білім алу тез өзгертетін әлемге ілесе алмайды. STEAM тәсілінің басты артықшылығы – мұнда балалар әртүрлі пәндерді сәтті меңгеру үшін миында, қолында пайдаланады. Олар алған білім, олар өзбетінше «мендік».

Бүгін мен STEM технологиясының концепцияларын қолданудағы аса бай емес тәжірибеммен бөлісемін.

Қазіргі таңда ақпарат ағыны өте зор, ойын-сауық құралдарының сан алуандығы сонша, кішкентай бала сандық кең әлемде адасып қалуы мүмкін екені белгілі. Сондықтан мұғалім балаларға түсінікті ұйымдастыру құралдарын таңдауы керек, бұл олардың күзiреттiлiктердiң басқа жиынтығын дамытуға мүмкiндiк бередi.

1. Сабақтың тақырыбы: Бұрыш түрлері. Көпбұрыштар.

№1 практикалық жұмыс

Сабақтың мақсаттары:

1. Балаларды бұрыштарды көруге, төртбұрышты пайдаланып тұрғызуға және түрлері бойынша ажыратуға үйрету.

2. Математикалық сөйлеуін, зейінін, есте сақтауын, кеңістіктік қиялын дамыту.

3. Графикалық дағдыларды дамыту.

Үйренгендерін бекітуге арналған практикалық жұмыс.

Оқушылардың партасында санау таяқшалары бар. Олардан тікбұрыш жасап, шаршымен тексеріңіз, содан кейін өткір және доғал бұрыш жасаңыз.

№2 практикалық жұмыс

Құрал-жабдықтар, сым, сіріңке, санау таяқшалары, пластилин, қағаз жолақтары

• Үйжелісін салу, модельдеріңізді көрсетіңіз, сіз үзік сызықтарды неден жасадыңыз? (Жеке таяқшалардан, бөлшектерден, кесектерден...)

Сіздің полисызығыңыз қандай элементтерден тұрады? (сегменттерден) (сілтемелер)

Полилинияда неше сегмент бар? Қанша болуы мүмкін?

Сонымен, үйжелісінен тұрады? (Сынық сызық сегменттерден тұрады.)

Қорытынды жасалады: Сынық сызық деп біріншінің соңы екіншісінің басы, ал екіншісінің соңы үшіншінің басы болатын кесінділер жиынтығын айтады, т.б.

Тақырып. Жалпақ фигуралар. Көлемдік сандар.

№3 практикалық жұмыс.

Құрал-жабдықтар: сым, сіріңке, санау таяқшалары, пластилин, зығыр арқан.

- Жазық фигураны (шаршы, тіктөртбұрыш) тұрғызу. Үшөлшемді фигураны (куб) тұрғызу. Сандарды салыстыру. Бұл сандар қалай ерекшеленетінін анықтаңыз. Қорытындылау. Оқушыларға «фигураны жандандыру; балалар киім жіптерін немесе серпімді жолақты пайдаланып, тіктөртбұрыш, үшбұрыш жасайды.

Бұрыштар мен көпбұрыштардың түрлерін зерттей отырып, балаларға әртүрлі көпбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар, бұрыштар, түзулер және т.б. тұратын қосымшаны құру ұсынылады. Мұндай жұмыс түрін сабақта орындауға болады.

№4 практикалық жұмыс.

Құрал-жабдықтар: сым, қағаз орамал, санау таяқшалары, пластилин, пластик бөтелке қақпақтары. Цилиндрдің үшөлшемді фигурасымен танысқаннан кейін математика сабағында оқушыларды инженер-механик болуға шақырылады. Инженер-механик болған балалар берілген құрал-жабдықтардың көмегімен көлік құрастырды. Машинаның моделін құрастырғаннан кейін оқушылардан сұраққа жауап беру ұсынылады. Көліктің қозғалуы үшін не істеу керек?

Балалардың жауаптары: күш. Қандай күш? (Қозғалыс күші. Машинаны итеріңіз немесе тартыңыз). Келесі кезекте балалар екі көліктің жүріп өткен жолын өлшейді.

STEAM технологиясына «Geogebra» бағдарламасын сабақта қолдану тиімді. Геометрия сабағында қалай қолдануға болса, алгебра сабағынан да қолдануға болады. Оқушылар компьютермен жұмыс жасап, өзбеттерімен берілген тапсырманы осы бағдарламада салып орындайды. Негізінен алгебра сабағында функция тақырыптарына тиімді болып келеді. График салуда, яғни алгебрада берілген формуланы еңгізе отырып, соған сай графиктік сызбасын көрсетіп береді. Геометрия сабағынан фигураларды салу, олардың ұзындықтарын, бұрыштарын анықтауға болады. Салу есептерінде бағдарламаны қолдана отырып, кезкелген салу есептерін сала аламыз. Интерактивті тақтада осы бағдарламаны қолданып, керек есептерді тақтада орындай алады. Бұнда аты айтып тұрғандай геометрияның элементтері алгебрамен де байланыстырылып тұрады. Кезкелген түзуді салатын болсақ, алгебралық терезеде түзудің ұзындығының сандық мәні шығып тұрады. Бұл есеп шығаруды тездетеді және ыңғайлы. Сабақта қолданып, оқушылардың компьютермен жұмыстануын, шығармашылықтарын дамытады. Көбіне оқушы сабақта бос отырып қалмай өзбетімен жұмыстануға, есептерін шығаруға өз пайдасын тигізеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жаңа технологияларды қажет етеді. Оны пайдалана отырып, біз жас ұрпақтың қалай да білімді, келешегі жарқын болуына әсерін тигіземіз. Баланың өз бетімен оқып үйренуіне, кез келген жұмысты өздігінен жауапкершілікпен атқара алуына осы STEM технологияның ықпалы да пайдасы да зор деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезіндегі баяндамасы , 5 қазан, 2023.
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова «Развитие STEM – образования в мире и Казахстане» «Білімді ел- Образованная страна» №20(57)25.10.2016ж
3. Жүнісбек Ә. «Жаңа технология негізі - сапалы білім. Қазақстан мектебі №4 2008ж
4. «Geogebra» бағдарламасы ғаламтор желісінен жүктелген.
5. Погорелов А.В..Геометрия : Орта мектептің 7–11-сыныптарына арналған оқулық. 3 басылымы – Алматы: Рауан, 1997-384 бет
6. С.Мирсеитова, «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері», Алматы 2011ж

ХИМИЯДАН БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM БАҒЫТЫН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

**Арахат Әсила, Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектеп
Жетісу облысы. Көксу ауданы. Балпықби ауылы**

Химия пәні мұғалімі, педогог сарапшы

STEAM білім беру (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика) – балалардың жан-жақты даму қабілеттерін тәрбиелеуге бағытталған кешенді білім беру әдісі. Қазіргі тез өзгеретін әлеуметтік жағдайда STEAM білім беру болашақ білім берудің маңызды бағытына айналды. Пәнаралық оқыту және инновациялық ойлау мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамыту арқылы STEAM білім беру балалардың болашақ дамуының берік негізін қалайды.

Ғылым балаларға әлемнің қалай жұмыс істейтінін түсінуге мүмкіндік береді, технология нақты мәселелерді шешу үшін ғылыми білімді қолдануға мүмкіндік береді, ал инженерия оларға нақты өнімдер мен жүйелерді жобалауға және құруға мүмкіндік береді.

Өнер олардың шығармашылық және эстетикалық дағдыларын дамытуға, ал математика логикалық ойлауға және есептерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл бес элемент бір-бірімен интеграцияланады және бірге STEAM білім берудің негізгі мазмұнын құрайды.[1]

STEAM білім берудің артықшылықтары

STEAM білім беру балалардың көп интеллектін дамытуға бағытталған. Пәнаралық оқыту арқылы оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылық ойлау, кеңістіктік ойлау, эмоционалды интеллект т.б түрлі интеллект дами алады. Осы бірнеше интеллекттерді дамыту оқушылардың өмірлік дағдыларының негізін қаланады

STEAM білім беру сонымен қатар балалардың шығармашылығын, сыни ойлауын және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыта алады.

Біріншіден, STEAM білім беруі балалардың көп интеллектін дамытуға, яғни балалардың әртүрлі салаларда әртүрлі дарындылықтары мен мүмкіндіктері бар екенін мойындауға бағытталған. Балалар жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математика сияқты әртүрлі пәндерді оқу арқылы жан-жақты қабілеттерін дамытады.

Олар ғылыми тәжірибелер мен бақылаулар арқылы өздерінің бақылаушылық және ізденіс рухын дамыта алады, техникалық білімдерді меңгеру арқылы компьютерлік және техникалық дағдыларын жетілдіре алады және инженерлік жобалау және құрылыс арқылы шығармашылық және практикалық қабілеттерін дамыта алады.

Көркем өрнек арқылы эстетикалық қабілетіңізді және шығармашылық қабілетіңізді дамытыңыз, математиканы оқыту арқылы логикалық ойлау мен есептерді шешу қабілеттеріңізді жетілдіріңіз. Мұндай оқыту әдісі балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне көбірек көңіл бөледі және балалардың әлеуетін жақсырақ зерттеп, ынталандырады.

Екіншіден, STEAM білім беру балалардың шығармашылығын дамыта алады. Оқушылардың әртүрлі мәселелер мен қиындықтарға тап болуы мүмкін және оларды өз ойлары мен шығармашылықтары арқылы шешу қажет.

Оқыту әдісінің бұл түрі оқушылардың шығармашылығы мен қиялын оятып, өз бетінше ойлауға, есептерді шешуге дағдыландырады. Жобаларда оқушылар идеялар мен шешімдерді, тәжірибе мен эксперименттерді еркін ойлап табады, осылайша өздерінің инновациялық қабілеттерін үздіксіз дамытады.

Үшіншіден, STEAM білім беру оқушылардың сыни ойлауын дамыта алады. STEAM білімінде оқушылардан сұрау және тәжірибе арқылы практикалық мәселелерді шешуі керек және әртүрлі шешімдерді талдап, бағалауы керек.

Бұл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін және ұтымды ойлау мен пайымдай алуды талап етеді. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылар алған білімдерін тереңірек түсініп, өмірде қолдана алады, ойлау қабілеттерін дамытады.

Төртіншіден, STEAM білім беру оқушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға да назар аударады. Көптеген STEAM білім беру жобаларында оқушылардың топта жұмыс істеп, мәселелерді бірлесіп шешуі, ынтымақтастық оқыту арқылы оқушылардың басқалармен ынтымақтасуға, қарым-қатынас жасауға және үйлестіруге үйреніп, өздерінің

командалық рухын дамыта алады. Бұл олардың болашақ кәсібінің дамуы мен тұлғалық өсуі үшін үлкен маңызға ие.[2]

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11 – сынып оқушылар үшін «11.4.2.4 - карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 11.4.2.5 - карбон қышқылдарының физикалық қасиеттерін және алыну жолдарын түсіндіру;» атты оқу мақсаттарымен сабақ өткізу кезіндегі STEAM білім беру жобалары қолдандым.

Жалпы көзқарасы бойынша сірке қышқылы көмірсутектер мен спирттерден кейінгі көмірсутектердің тағы бір маңызды оттегі бар туындысы болып табылады. Сонымен қатар ол карбон қышқылы заттарының өкілі болып табылады. Ол біздің күнделікті өміріміздің нақты өнеркәсіптік өндірісімен тығыз байланысты. осы сабақтың мазмұны білім мазмұны және сірке қышқылының молекулалық құрылымы тұрғысынан сірке қышқылы этанол туралы білімдерді бекіту, жалғастыру және дамыту ғана емес, сонымен қатар күрделі эфир қосылыстарын үйренуге жол ашады, сондықтан бұл бөлім маңызды рөл атқарады. өткен мен келесі арасындағы байланыстыратын спиральді оқыту бағдарламасын жүзеге асырады.

1-кесте STEM өлшемінен оқыту мақсаттары


STEM	STEM оқыту мақсаттары
S-ғылым	сірке қышқылының құрамы мен құрылымын түсініп, микроқұрылым мен макроскопиялық қасиеттері арасындағы байланыс туралы пәндік түсініктерді бекіту.
T-технология	Эксперименттік барлау арқылы сірке қышқылының қышқылдылығын, этерификация реакциясын және басқа да қасиеттерін және оның қолданылуын түсіну, проблемаларды түсіну және дәлелдеу туралы хабардар болу, проблемаларды шешу үшін тәртіптік идеяларды алу үшін өзгерістер мен тепе-теңдікті пайдалану қабілетін дамыту.
E-инженерия	сірке қышқылын күнделікті өмірде қолдануды білу, химияның сүйкімділігін сезіну, химияның адам өміріне қосқан зор үлесін бағалау және химиялық нәтижелерді өндіріс пен өмірге қолдану туралы хабардарлығын арттыру.
M-математика	сірке қышқылының балқу және қайнау нүктелерін түсіну; ақпаратпен кеңесу арқылы қарапайым сірке суындағы сірке қышқылының мазмұнын түсіну.

Сірке суы асханада кең таралған және маңызды дәмдеуіш және өнеркәсіпте маңызды химиялық шикізат болып табылады. Сірке суының көзі арқылы сірке қышқылы енгізіледі, содан кейін сірке қышқылының құрылымдық құрамы, физикалық қасиеттері, химиялық қасиеттері және қолданылуы табиғи түрде алынады. Теория практикамен ұштастырылып, оқушыларда бар өмірлік және білім тәжірибесіне назар аударып, ерекшелендіреді. оқушылардың оқудағы бастамасы.[3]

2-кесте Оқыту процесі

Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1-процесс: Сірке қышқылының физикалық қасиеттерін зерттеу	
(Сусыз сірке қышқылының нақты объектісін көрсету) Оқушылар, қараңдаршы мен қолымда не ұстап тұрмын. Сіз сондай-ақ үстеліңіздегі реагент бөтелкелерін бақылай аласыз. Бақылаған кезде сіз қапакты ашып, ерекше иіс бар-жоғын сұрауға болады. Енді су құйылған пробиркаға және спирт толтырылған пробиркаға сірке қышқылын қосамыз. Құбылысты мұқият бақылап көрейік. Жоғарыдағы тәжірибелік барлау жұмыстары арқылы біз сірке қышқылының физикалық қасиеттері туралы белгілі бір түсінікке ие болуымыз керек. Оны бірге	Сірке қышқылының физикалық қасиеттерін қорытындылаңыз: түсі, дәмі, күйі, ерігіштігі (түсі мен дәмі: түссіз, өткір өткір иісі бар; күйі: сұйық; ерігіштігі: суда, этанолда және басқа еріткіштерде оңай ериді).

қорытындылайық.	
Мақсаты: Оқушылардың ақпаратты бақылау және жүйелеу қабілетін дамыту үшін өмірден химия кабинетіне оралу. Сонымен бірге қызықты іс-әрекеттер арқылы оқушылардың сірке қышқылының физикалық қасиеттері туралы түсінігін арттыруға болады.	
2-процесс: Сірке қышқылының құрамы мен құрылысын түсіну	
Сірке қышқылының шар және таяқша үлгісін, масштабты модельді көрсету	Сірке қышқылының шар тәрізді моделі мен масштабты моделіне қарап, оның құрылымын құрастырады
Мақсаты: Оқушыларды сірке қышқылының құрылымдық сипаттамаларын зерттеуге бағыттау арқылы сірке қышқылы молекулаларының кеңістіктік құрылысы туралы түсініктерін тереңдету, құрылымның қасиеттердегі шешуші рөлін көрсету.	
3-процесс: Сірке қышқылының химиялық қасиеттерін зерттеңіз	
Сірке қышқылы қышқыл болуы керек, сондықтан сірке қышқылы да қышқылдық қасиеттерге ие болуы керек. Естеріңізге сала кетейік, қышқылдың қандай қасиеттері бар?	Қышқылдардың қасиеттері: индикаторлардағы әсері; ② белсенді металдармен әрекеттесуі; ③ негіздермен әрекеттесуі; ④ сілтілі оксидтермен әрекеттесуі ; ⑤ белгілі бір тұздармен әрекеттесінін зерттейді.
Мақсаты: Оқушылар оқуды жалғастырады және материалдарды жинау арқылы оқушылар химия мен өмір арасындағы байланысты сезіне алады және химияның қоғам үшін жасайтын әдемі құндылығын бағалай алады, Нарықтағы сірке суының түрлері мен қолданылуын зерттеп ақпарат жинақтау .	



Қорытындылай келе, STEAM білімінің көптеген интеллекттерді дамыту, креативтілікті , сыни ойлауды және топтық жұмыс дағдыларын дамытудың артықшылықтары бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilimainasy.kz/stem-мектеп-оқушыларын-оқытудың-жаңа/>
2. <https://daryn.online/article/2417>
3. Химия пәнін оқытудағы STEM технологияяының мүмкіндіктері әдістемелік құрал құрастырған Р.М. Жуманова

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ STEAM БАҒЫТЫН ДАМУ.

Абдыкалиева Бинур Шайласовна,
«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ынтымақ ауылы № 30 орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіретін STEAM білім

беру әдісін пайдалану тәсілі жаратылыстану бағытындағы пәндерді балалар шығармашылық жобалар арқылы үйренетін бір жүйеге біріктіреді. Бұл әдіс бастапқыда STEAM деп аталды және 2000 жылдары АҚШ-та елде көптеген техникалық мамандарды дайындау мақсатында әзірленді. Уақыт өте келе ол STEAM-ге ауысып, композициясына өнер қосып, бүкіл әлемге тарай бастады және әлемдік білім берудегі сәнді трендке айналды. Мысалы, АҚШ-тың Еңбек статистикасы бюросы алдағы он жылда STEAM жұмыс күшіне сұраныс басқа кәсіптік салалардан 76%-ға асып түседі деп болжайды.

STEAM тәсілінің танымалдылығы оның әртүрлі мектеп пәндерін әлемнің біртұтас ғылыми бейнесіне біріктіруімен, жобалық жұмыс арқылы химия, физика, математика және басқа да пәндерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. Бұл әдісте балалар теорияны жаттап қана қоймай, алған білімдерін іс жүзінде қолданады. Сонымен қатар, STEAM тәсілі жақын болашақта кәсіби қызметтің ажырамас бөлігіне айналатын заманауи технологияларды белсенді зерттеуді ынталандырады. Әдістің бірегейлігі балалардың ақпаратты жаттап алудың орнына нақты өмірде қолданылатын дағдыларды дамытуында.

STEAM сыни ойлауды, креативтілікті және білімді практикалық қолдануды дамытуға ықпал етеді. Кәсіби әлемде мамандар ғылымның технологиямен тоғысатын салаларда, мысалы, жоғары технологиялық өндірісте жұмыс істейтіні енді белгілі болды. Осылайша, интеграцияланған STEAM тәсілі бүгінде Австралия, Сингапур, АҚШ, Канада және т.б. әртүрлі елдерде білім берудің негізіне айналады. [1]

«Біз Қазақстанда STEAM білім беруді қолдаудың кешенді тәсілін қолданамыз. Бұл серіктестерімізбен бірлесіп атқарған үлкен шығармашылық жұмыс. Біз бірге STEAM мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын бастаймыз. Олармен бірте-бірте мектеп бағдарламасына кіріктірілген сабақтардың әдіс-тәсілдерін енгіземіз. Біз балалар өздерін өнертапқыш және экспериментатор ретінде сезінетін зертханалар жасаймыз. Сондай-ақ біз балалар мен ата-аналарды қызығушылық пен білімге құштарлық төңірегінде біріктіретін, сонымен қатар отбасы құндылықтарының біріне айналатын отбасылық ғылыми фестивальдерді өткіземіз,» - дейді Chevron компаниясы.[2]

Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика (STEAM) білімінің анықтамасы, әсіресе өнердің үлестері әлі де түсініксіз. Бұл мақала тәжірибе жүзінде орындалатын инновациялық STEAM білім беру жобасын бір жылдық зерттеу нәтижесінде алынған бірегей үлгіні ұсыну арқылы осы мәселені қарастырады. Модельді «тәжірибеге бағытталған» жобасы аясында Талдықорған қаласының Ынтымақ ауылындағы № 30 орта мектептің 3 - сынып бастауыш мектеп мұғалімдерімен бірлесіп әзірленді. Зерттеуді жүзеге асыру үшін жалпы білім беру мекемесінде тәжірибеге бағытталған өнер жасау үлгісі деп аталатын осы модельді тәжірибеге енгізу үрдісі зерттелді. Ол сондай-ақ олардың модельдің құндылығы туралы ойларын және оның оқуды жоспарлау мен педагогикаға оң әсері талданады.

Бұл мақала келесідегідей зерттеудің түсінігіне негізделген. Ол – Тәжірибеге бағытталғанға қатысты бір жылдық аралас әдістер, бірлескен зерттеу және бірлескен сапалы зерттеуі болып табылады.

Тәжірибеге бағытталған сараптамасы оқушылар үшін оң білім беру нәтижелерін және мұғалімдердің дәстүрлі сынып жағдайында әдісті қолдануға деген ұмтылысын көрсетті. Бұл зерттеу жобасы мемлекеттік оқу бағдарламасы бойынша құрылған жоспарының үлгісін қолданып мұғалімдердің жоспарлауы мен белсенді педагогикалық дағдыларын арттыру үшін кәсіби дамуды қамтамасыз ету арқылы Тәжірибеге бағытталған оқу әдістемесін жасап, жүзеге асыра алатыны көрсетілді. Оқыту тәсіліне, сондай-ақ оқушылардың үлгерімі мен қызығушылығына жағымды әсерін тигізетіні байқалды. Бұл мақаланың жаңалығы мен маңыздылығын тәжірибеге бағытталған зерттеу нәтижелерін біріктіретін бұл модель мұғалімдер үшін қолжетімді, құнды және басқарылатын үлгі болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысына үш түрлі 3 – сыныптардың мұғалімдері қатысып, мектеп әкімшілігінің қолдауына ие болды. Әр сынып өздерінің даму жоспарының нақты

аспектілеріне сәйкес келетін жаңа модельді оқу жоспарына енуіне негіз болу үшін сол сыныптардың жетекшілері тағайындалды. Белгілі бір пәндік салаға арнайы бағытталмағанымен, үш сыныптың барлығы дизайн технологиясын оқу бағдарламасының негізгі орталығы ретінде анықтады. Бұл зерттеу жұмысы үшін мұғалімдерді таңдау мектеп бағдарламасына енгізуге үлес қосу әлеуетіне және келесі кезеңнің негізгі оқушыларымен (7–9 жас) қазіргі қатысуына негізделген. Мұғалімдердің бастауыш сынып негізгі пәндері және өнер саласында білімі бар, тек бір мұғалімнің ғылыми дәрежесі бар. Зерттеу жұмысы мұғалімдерге оқу бағдарламаларын әзірлеуге көмектесуге, әртүрлі өнерге негізделген және ашық оқыту тәсілдерін қолдануға сенімділікті арттыруға және олардың жаратылыстану саласындағы пәндік білімдерін арттыруға бағытталған. Мұғалімдер дамудың он күнін арнады және оқу жоспарларын нақтылау үшін мектепшілік жоспарлау уақытын пайдалана отырып, сегіз шеберлік семинарына қатысты.

Тәжірибеге бағытталған негізінде құрылған модель білім беруді қоса алғанда, жоғары сыныптардың әртүрлі пәндерінде кеңінен қолданылғанымен, оны бастауыш сынып оқушыларына қолданысы сирек кездеседі. Соған қарамастан, сабақтың мазмұнына, тәжірибеге және әдістемелік бірлестікте ортақ тапсырмаларға назар аудара отырып, Тәжірибеге бағытталған зерттеу жұмысы бірегей оқыту тәсілін түсіну үшін негіз болды.

Бұл зерттеу жұмысы зерттеушілік және қарым-қатынас мәдениетіндегі еркіндік деңгейін ерекше атап өтуге болады, бұл оқушыларға өздерінің белсенділіктерін динамикалық түрде өзгертуге және өздерінің сенімділігі мен тәжірибесіне негізделген әртүрлі тәсілдермен үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Тәжірибеге негізделген моделі негізінде құрастырылған және бақылау жұмысын тікелей нұсқаумен үйлестіретін жақсы жобаланған оқыту моделі нақты пәндер бойынша оқытуды тиімді қолдайтынын көрсетті. Бұл сонымен қатар балалардың ынтасын, оқудың әсерлі болуын, сенімділігін және көлденең дағдыларын дамытуға ықпал етті. Осылайша, мектеп жетекшілері Тәжірибеге бағытталған әдістің негізіндегі модельді әдеттегі мектеп тәжірибесіне енгізуге қызығушылық танытты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://ulymedia.kz/news/20041-steam-obrazovanie-v-kazakhstane-perspektivy-i-osobennosti/>
2. <https://ulymedia.kz/tag/shevron/>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ STEAM- НІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРҒА ӘСЕРІ

Зияданова Дидар Мукатаевна, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ынтымақ ауылы № 30 орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Бұл жұмыста тілдік және математикалық дағдыларды жақсартуға ерекше назар аудара отырып, оқыту үдерісінде STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) енгізудің әсері зерттелді. Оқыту нәтижелерін бағалау үшін пайдаланылатын бағалау құралдары Талдықорған қаласындағы № 128 жалпы орта білім беру мекемесінде 1 жыл бойы ішкі бағалау сынақтары жүргізілді. Зерттеу білім беру мекемесінің төртінші сыныптағы бастауыш сынып оқушысын қамтыды. Зерттеу ата-аналардың қарым-қатынасына негізделген оқу нәтижелерін анықтауға, нәтижелерді STEAM-ді енгізуге дейінгі және одан кейінгі салыстыруға және жазуды түсіну мен мәселені шешу арасында корреляция бар-жоғын анықтауға бағытталған. Зерттеуде сандық сипаттамалық, көлденең қималық және корреляциялық әдістеме қолданылды. Қорытындылар STEAM бағдарламасының жан-жақты

және үйлестірілген интеграциясы бастауыш білім берудің төртінші сынып оқушыларының тілдік және математикалық құзыреттіліктеріне, әсіресе сөйлеу, ауызша түсіну және есептеуге оң әсер ететінін көрсетті. Нәтижелер ата-анасы қазақ оқушылар үшін қолайлырақ болды. Сонымен қатар, зерттеу оқуды түсіну мен мәселені шешу арасындағы оң корреляцияны анықтады.

Бұл зерттеу екі негізгі пәнге – қазақ тілі мен математикаға бағытталған. Тілдік құзыреттілікті төрт компонент арқылы бағалайды: ауызша түсіну (ОТ), жазбаша түсіну (ЖС), ауызша сөйлеу (АС) және жазбаша өрнек (ЖӨ), оқу осы дағдылардың барлығын дамытудың негізгі компоненті ретінде қызмет етеді. Зерттеу күнделікті өмірде жергілікті тілден басқа ана тілін қолданатын оқушылардың айтарлықтай үлесін көрсетеді, олардың бастауыш мектептегі әртүрлі пәндердегі үлгерімі мен түсінуіне әсер ететін қиындықтарды көрсетеді (Харамия, 2021). Бұл қиындықтардың ішінде сандар мен амалдарды қолдану, қоршаған ортаның шамаларын, өлшемдері мен пішіндерін түсіну дағдыларын қолдануды қамтитын математикалық құзыреттілік (МК) бар. Есептеу және есептерді шешу дағдыларын бағалауға бағытталған.

Бастауыш сыныптың тілдік-математикалық құзыреттіліктеріне көңіл бөлінуі қажет екені белгілі. Бұл бағалаудың мақсаты білім беру ұйымдарына әлеуметтік-мәдени ортаны ескере отырып, әлсіз жақтарды, кедергілер мен мүмкіндіктерді талдауға мүмкіндік беретін білім беру қоғамдастығына деректер мен ақпарат беру негізделді. Ол оқушылар арасында негізгі құзыреттердің оңтайлы дамуын қамтамасыз ету үшін жетілдіру тетіктерін белсендіреді. Сонымен қатар, ол бір оқу орнындағы оқушылар тобының ішінде және олардың ерекшеліктеріне қарай, басқа мектеп оқушыларымен сырттай тілдік-математикалық құзыреттіліктердің даму деңгейін бағалауды жеңілдетеді.

2023 жылы Талдықорғандағы бастауыш мектепте және шағын білім беру орталығында бастауыш мектептің 4-сынып оқушыларына арналған ішкі бағалау сынақтарының қанағаттанарлықсыз нәтижелері мектепті STEAM-ді бастауыш сыныптарға бағытталған жаңа икемді пәнді енгізуді ұсынуға итермеледі. (білім берудегі ғылым, технология, техника, өнер және математика). Соңғы онжылдықта танымал болған STEAM тәсілі (Lin and Tsai, 2021) әртүрлі білім беру контексттерінде айтарлықтай қызығушылық тудырды (Буш және т.б., 2020).

Білім беру саласында соңғы жылдар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) біртіндеп STEAM тәсіліне орын беруімен сипатталады. Білім берудегі бұл тәсіл туралы алғашқы ғылыми мәтіндер 2006 жылы ұсынылды және оның эволюциясы сызықтық емес болғанымен, 2016 және 2020 жылдар аралығында өндірістер санының өсуі байқалды.

Есептік ойлау және мультисенсорлық технологиялар

STEAM тәсілі мектептегі оқытуға біріктіру үшін бірнеше пәндерді қамтитын болса, оқу орталығы бастапқыда екі бағытты таңдайды. Біріншіден, бұл есептеулік ойлау және робототехника, екіншіден, мультисенсорлық технологиялар.

Aula Planeta (2015) пікірінше, басты мақсат – оқушылардың технологиялық құралдар мен Интернетті дұрыс және жауапкершілікпен пайдалануын қамтамасыз ету және олардың оқу, ынтымақтастық, талқылау, топтық жұмыс және мазмұнды тәжірибелік оқыту үшін АКТ ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалану.

Есептеушілік ойлау «21-ғасырдың сын-қатерлерін сәтті шешу үшін маңызды болып табылатын шығармашылық пен мәселелерді шешу қабілетіне оң әсер тигізетін көптеген зерттеулермен қамтамасыз етіледі» (Касадо және Чека, 2020, 51-бет). Жалпы STEAM тілін, атап айтқанда, есептеуші ойлауды оқыту білім беру орталықтарында білім берудің бастапқы кезеңдерінен бастап біріктірілуде, бірақ біркелкі болмаса да (INTEF, 2019), өйткені олар оқу тәжірибесін байытады және студенттерге қолжетімді проблемаларды шешу дағдыларын дамытады (Менгменг және т.б., 2019). Сонымен қатар, АКТ-ны пайдалана отырып, шығармашылықты және бірлескен оқуды ынталандыратын кеңістік ретінде түсініледі (Фрейндт, 2019), студенттерді эксперимент жасауға, жоспарлауға, талқылауға, рефлексияға жүгінеді. Жобалар мен жаңалық ашу арқылы оқуды ілгерілету, маңызды оқумен әртүрлілікті

камту, мотивацияны арттыру және студенттердің қатысуы, материал мен білімді ойын және ойын-сауық түрінде игеруге ықпал ету (Суарес және т.б., 2018). Есептеуіш ойлау өзінің пәнаралық сипатына байланысты бағдарламалау және кодтау процесі арқылы басқа дағдылар мен мазмұнды меңгеруге мүмкіндік береді, тілді бастауыш сынып оқушыларына түсінікті блоктар түріндегі ережелер мен ережелер жиынтығына негізделген ұсынатын лингвистикалық саладағы жетістіктерде, оқу мен мәтінді түсінуде және нәтижесінде математикалық есептерді шешуде көрінеді (Миллер, 2019; Молина және т.б., 2020).

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – тілдік және математикалық дағдыларды анықтау негізінде ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас төртінші сыныптағы бастауыш мектеп оқушыларының тілдік және математикалық құзыреттіліктерін дамытуға STEAM әсерін талдау. Зерттеудің нақты мақсаттарына мыналар жатады:

Бастауыш сыныпта STEAM-ды қолдануды ескере отырып және олардың ата-аналарының қарым-қатынасын ескере отырып, төртінші сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігіндегі оқу нәтижелерінің өзгеруін талдау болып табылады.

STEAM қолданбас бұрын және пайдалану кезінде тілдік және математикалық құзыреттілікте оқыту нәтижелерін салыстыру.

Жазбаша материалды түсіну деңгейі мен есептерді шешу дағдылары арасында байланыс бар-жоғын анықтан жөн.

Қорытынды

Зерттеудің бір бөлігі ретінде алынған нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қолайсыз контексте еркін нысандағы пән шеңберінде STEAM жүйелі түрде пайдалану бастауыш мектептің төртінші сынып оқушыларына тілдік құзыреттілікке үйретуде пайда әкеледі.

STEAM қолдану ауызша сөйлеуден, ауызша түсінуден, жазбаша сөйлеуден және аз дәрежеде жазбаша түсінуден бастап тілдік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

STEAM экспозициясы бағаланатын тіл сауаттылығының барлық компоненттері бойынша қыздарға күштірек әсер етеді.

STEAM ата-анасының қарым-қатынасы оқушылардың табысты болуына оң әсерін тигізеді, дегенмен олардың тілдік құзыреттілік және оның құрамдас бөліктері бойынша алған нәтижелері кейбір оқушыларға қарағанда төмен.

STEAM-ді енгізу барлық оқушылардың, әсіресе ата-анасы жергілікті тұрғындар болып табылатын оқушылардың математикалық құзыреттілік нәтижелеріне оң әсерін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері есептерді шешу дағдыларымен салыстырғанда есептеулерде жақсы оқу нәтижелерін көрсетеді.

Ұлдарға қарағанда қыздар есептеу және есеп шығару дағдыларын жақсы көрсетті.

Математикадағы нәтижелер тілдік құзыреттілікке қарағанда төмен, мүмкін, оқушылар талқылау, пікір таластыру, өз пікірлерін түсіндіру, мұның бәрі ауызша сөйлеу мен түсінуді дамытуға ықпал етеді, мұнда ең жақсы нәтижелер алынды.

Жазбаша түсіну мен проблеманы шешу дағдылары арасында оң корреляция бар, бұл оқуды түсінудің жақсаруы сонымен қатар проблемаларды шешу құзыреттілігін арттыруға әкеледі деп болжайды.

Қорытындылар зерттеудің басқа ықтимал байланыстары мен жолдарын одан әрі зерттеуді ынталандырады. Көптеген авторлар АКТ-ның білім берудегі мотивациялық және инновациялық факторын және оның тіл және математика дағдыларын дамытуға ықтимал әсерін атап өтті. Қолайсыз жағдайларда эксперименттік және бақылау топтарымен квазиэксперименттік зерттеулер жүргізу және олардың әртүрлі құзыреттерді меңгеруге әсерін талдау ұсынылады. STEAM-ді қолдану барған сайын танылуда, бірақ оған бағытталған зерттеулер салыстырмалы түрде жаңа сала болып табылады. Осы саланы және оны білім беру жүйесіне қалай кіріктіруді, мұғалімдерді ынталандырып, оны пайдалануға дайындауды және оқушыларды оқу-тәрбиелік және әлеуметтік қамтудағы нақты үлесін

анықтауды тереңдетіп зерттеу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Haramija, D. (2021). Developing reading literacy in immigrant pupils with an easy-to-read and/or plain language model. *Sodobna Pedagog.* 72. Available online at: https://www.sodobna-pedagogika.net/en/articles/02-2021_developing-reading-literacy-in-immigrant-pupils-with-an-easy-to-read-and-or-plain-language-model/
2. Lin, C. L., and Tsai, C. Y. (2021). The effect of a pedagogical STEAM model on students' project competence and learning motivation. *J. Sci. Educ. Technol.* 30, 112–124. doi: 10.1007/s10956-020-09885-x
3. Aula Planeta (2015). *Andalusia Implements the Subject Culture and Digital Practice in 6th Grade of Primary*. Available online at: <https://www.aulaplaneta.com/2015/06/04/recursos-tic/las-siete-competencias-clave-de-la-lomce-explicadas-en-siete-infografias>
4. Bush, S., Cook, K., Edelen, D., and Cox, R. (2020). Elementary students' STEAM perceptions: extending frames of reference through transformative learning experiences. *Elem. Sch. J.* 120, 692–714. doi: 10.1086/708642
5. asado, R., and Checa, M. (2020). Robotics and STEAM projects: development of creativity in primary education classrooms. *Pixel Bit* 58, 51–69. doi: 10.12795/pixelbit.73672
6. INTEF (2019). *This is How Robotics and Programming are Taught in Spanish Classes*. Education 3.0. Available online at: <https://www.educaciontrespuntocero.com/noticias/robotica-y-programacion-espana/>
7. Mengmeng, Z., Xiantong, Y., and Xinghua, W. (2019). Construction of STEAM curriculum model and case design in Kindergarten. *Am. J. Educ. Res.* 7, 485–490.
8. Molina, A., Adamuz, N., and Bracho, R. (2020). Problem solving based on Polya's method using computational thinking and Scratch with Secondary Education students. *Aula Abierta* 49, 83–90. doi: 10.17811/rifie.49.1.2020.83-90
9. Miller, J. (2019). STEM education in the primary years to support mathematical thinking: using coding to identify mathematical structures and patterns. *ZDM Math. Educ.* 51, 915–927. doi: 10.1007/s11858-019-01096-y

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ STEAM- НІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРҒА ӘСЕРІ

Саябекова Гүльбакыт Турлыбековна

Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

Ынтымақ ауылы № 30 орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Бұл жұмыста тілдік және математикалық дағдыларды жақсартуға ерекше назар аударып, оқыту үдерісінде STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) енгізудің әсері зерттелді. Оқыту нәтижелерін бағалау үшін пайдаланылатын бағалау құралдары Талдықорған қаласындағы №27 орта мектеп-гимназия да 1жыл бойы ішкі бағалау сынақтары жүргізілді. Зерттеу білім беру мекемесінің төртінші сыныптағы бастауыш сынып оқушысын қамтыды. Зерттеу ата-аналардың қарым-қатынасына негізделген оқу нәтижелерін анықтауға, нәтижелерді STEAM-ді енгізуге дейінгі және одан кейінгі салыстыруға және жазуды түсіну мен мәселені шешу арасында корреляция бар-жоғын анықтауға бағытталған. Зерттеуде сандық сипаттамалық, көлденең қималық және корреляциялық әдістеме қолданылды. Қорытындылар STEAM бағдарламасының жан-жақты және үйлестірілген

интеграциясы бастауыш білім берудің төртінші сынып оқушыларының тілдік және математикалық құзыреттіліктеріне, әсіресе сөйлеу, ауызша түсіну және есептеуге оң әсер ететінін көрсетті. Нәтижелер ата-анасы қазақ оқушылар үшін қолайлырақ болды. Сонымен қатар, зерттеу оқуды түсіну мен мәселені шешу арасындағы оң корреляцияны анықтады.

Бұл зерттеу екі негізгі пәнге – қазақ тілі мен математикаға бағытталған. Тілдік құзыреттілікті төрт компонент арқылы бағалайды: ауызша түсіну (ОТ), жазбаша түсіну (ЖС), ауызша сөйлеу (АС) және жазбаша өрнек (ЖӨ), оқу осы дағдылардың барлығын дамытудың негізгі компоненті ретінде қызмет етеді. Зерттеу күнделікті өмірде жергілікті тілден басқа ана тілін қолданатын оқушылардың айтарлықтай үлесін көрсетеді, олардың бастауыш мектептегі әртүрлі пәндердегі үлгерімі мен түсінуіне әсер ететін қиындықтарды көрсетеді (Харамия, 2021). Бұл қиындықтардың ішінде сандар мен амалдарды қолдану, қоршаған ортаның шамаларын, өлшемдері мен пішіндерін түсіну дағдыларын қолдануды қамтитын математикалық құзыреттілік (МК) бар. Есептеу және есептерді шешу дағдыларын бағалауға бағытталған.

Бастауыш сыныптың тілдік-математикалық құзыреттіліктеріне көңіл бөлінуі қажет екені белгілі. Бұл бағалаудың мақсаты білім беру ұйымдарына әлеуметтік-мәдени ортаны ескере отырып, әлсіз жақтарды, кедергілер мен мүмкіндіктерді талдауға мүмкіндік беретін білім беру қоғамдастығына деректер мен ақпарат беру негізделді. Ол оқушылар арасында негізгі құзыреттердің оңтайлы дамуын қамтамасыз ету үшін жетілдіру тетіктерін белсендіреді. Сонымен қатар, ол бір оқу орнындағы оқушылар тобының ішінде және олардың ерекшеліктеріне қарай, басқа мектеп оқушыларымен сырттай тілдік-математикалық құзыреттіліктердің даму деңгейін бағалауды жеңілдетеді.

2023 жылы Талдықорғандағы бастауыш мектепте және шағын білім беру орталығында бастауыш мектептің 4-сынып оқушыларына арналған ішкі бағалау сынақтарының қанағаттанарлықсыз нәтижелері мектепті STEAM-ді бастауыш сыныптарға бағытталған жаңа икемді пәнді енгізуді ұсынуға итермеледі. (білім берудегі ғылым, технология, техника, өнер және математика). Соңғы онжылдықта танымал болған STEAM тәсілі (Lin and Tsai, 2021) әртүрлі білім беру контексттерінде айтарлықтай қызығушылық тудырды (Буш және т.б., 2020).

Білім беру саласында соңғы жылдар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) біртіндеп STEAM тәсіліне орын беруімен сипатталады. Білім берудегі бұл тәсіл туралы алғашқы ғылыми мәтіндер 2006 жылы ұсынылды және оның эволюциясы сызықтық емес болғанымен, 2016 және 2020 жылдар аралығында өндірістер санының өсуі байқалды.

Есептік ойлау және мультисенсорлық технологиялар

STEAM тәсілі мектептегі оқытуға біріктіру үшін бірнеше пәндерді қамтитын болса, оқу орталығы бастапқыда екі бағытты таңдайды. Біріншіден, бұл есептеулік ойлау және робототехника, екіншіден, мультисенсорлық технологиялар.

Aula Planeta (2015) пікірінше, басты мақсат – оқушылардың технологиялық құралдар мен Интернетті дұрыс және жауапкершілікпен пайдалануын қамтамасыз ету және олардың оқу, ынтымақтастық, талқылау, топтық жұмыс және мазмұнды тәжірибелік оқыту үшін АКТ ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалану.

Есептеушілік ойлау «21-ғасырдың сын-қатерлерін сәтті шешу үшін маңызды болып табылатын шығармашылық пен мәселелерді шешу қабілетіне оң әсер тигізетін көптеген зерттеулермен қамтамасыз етіледі» (Касадо және Чека, 2020, 51-бет). Жалпы STEAM тілін, атап айтқанда, есептеуші ойлауды оқыту білім беру орталықтарында білім берудің бастапқы кезеңдерінен бастап біріктірілуде, бірақ біркелкі болмаса да (INTEF, 2019), өйткені олар оқу тәжірибесін байытады және студенттерге қолжетімді проблемаларды шешу дағдыларын дамытады (Менгменг және т.б., 2019). Сонымен қатар, АКТ-ны пайдалана отырып, шығармашылықты және бірлескен оқуды ынталандыратын кеңістік ретінде түсініледі (Фрейндт, 2019), студенттерді эксперимент жасауға, жоспарлауға, талқылауға, рефлексияға жүгінеді. Жобалар мен жаңалық ашу арқылы оқуды ілгерілету, маңызды оқумен әртүрлілікті қамту, мотивацияны арттыру және студенттердің қатысуы, материал мен білімді ойын және

ойын-сауық түрінде игеруге ықпал ету (Суарес және т.б., 2018). Есептеуіш ойлау өзінің пәнаралық сипатына байланысты бағдарламалау және кодтау процесі арқылы басқа дағдылар мен мазмұнды меңгеруге мүмкіндік береді, тілді бастауыш сынып оқушыларына түсінікті блоктар түріндегі ережелер мен ережелер жиынтығына негізделген ұсынатын лингвистикалық саладағы жетістіктерде, оқу мен мәтінді түсінуде және нәтижесінде математикалық есептерді шешуде көрінеді (Миллер, 2019; Молина және т.б., 2020).

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – тілдік және математикалық дағдыларды анықтау негізінде ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас төртінші сыныптағы бастауыш мектеп оқушыларының тілдік және математикалық құзыреттіліктерін дамытуға STEAM әсерін талдау. Зерттеудің нақты мақсаттарына мыналар жатады:

Бастауыш сыныпта STEAM-ды қолдануды ескере отырып және олардың ата-аналарының қарым-қатынасын ескере отырып, төртінші сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігіндегі оқу нәтижелерінің өзгеруін талдауболып табылады.

STEAM қолданбас бұрын және пайдалану кезінде тілдік және математикалық құзыреттілікте оқыту нәтижелерін салыстыру.

Жазбаша материалды түсіну деңгейі мен есептерді шешу дағдылары арасында байланыс бар-жоғын анықтан жөн.

Қорытынды

Зерттеудің бір бөлігі ретінде алынған нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қолайсыз контексте еркін нысандағы пән шеңберінде STEAM жүйелі түрде пайдалану бастауыш мектептің төртінші сынып оқушыларына тілдік құзыреттілікке үйретуде пайда әкеледі.

STEAM қолдану ауызша сөйлеуден, ауызша түсінуден, жазбаша сөйлеуден және аз дәрежеде жазбаша түсінуден бастап тілдік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

STEAM экспозициясы бағаланатын тіл сауаттылығының барлық компоненттері бойынша қыздарға күштірек әсер етеді.

STEAM ата-анасының қарым-қатынасы оқушылардың табысты болуына оң әсерін тигізеді, дегенмен олардың тілдік құзыреттілік және оның құрамдас бөліктері бойынша алған нәтижелері кейбір оқушыларға қарағанда төмен.

STEAM-ді енгізу барлық оқушылардың, әсіресе ата-анасы жергілікті тұрғындар болып табылатын оқушылардың математикалық құзыреттілік нәтижелеріне оң әсерін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері есептерді шешу дағдыларымен салыстырғанда есептеулерде жақсы оқу нәтижелерін көрсетеді.

Ұлдарға қарағанда қыздар есептеу және есеп шығару дағдыларын жақсы көрсетті.

Математикадағы нәтижелер тілдік құзыреттілікке қарағанда төмен, мүмкін, оқушылар талқылау, пікір таластыру, өз пікірлерін түсіндіру, мұның бәрі ауызша сөйлеу мен түсінуді дамытуға ықпал етеді, мұнда ең жақсы нәтижелер алынды.

Жазбаша түсіну мен проблеманы шешу дағдылары арасында оң корреляция бар, бұл оқуды түсінудің жақсаруы сонымен қатар проблемаларды шешу құзыреттілігін арттыруға әкеледі деп болжайды.

Қорытындылар зерттеудің басқа ықтимал байланыстары мен жолдарын одан әрі зерттеуді ынталандырады. Көптеген авторлар АКТ-ның білім берудегі мотивациялық және инновациялық факторын және оның тіл және математика дағдыларын дамытуға ықтимал әсерін атап өтті. Қолайсыз жағдайларда эксперименттік және бақылау топтарымен квазиэксперименттік зерттеулер жүргізу және олардың әртүрлі құзыреттерді меңгеруге әсерін талдау ұсынылады. STEAM-ді қолдану барған сайын танылуда, бірақ оған бағытталған зерттеулер салыстырмалы түрде жаңа сала болып табылады. Осы саланы және оны білім беру жүйесіне қалай кіріктіруді, мұғалімдерді ынталандырып, оны пайдалануға дайындауды және оқушыларды оқу-тәрбиелік және әлеуметтік қамтудағы нақты үлесін анықтауды тереңдетіп зерттеу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Haramija, D. (2021). Developing reading literacy in immigrant pupils with an easy-to-read and/or plain language model. *Sodobna Pedagog.* 72. Available online at: https://www.sodobna-pedagogika.net/en/articles/02-2021_developing-reading-literacy-in-immigrant-pupils-with-an-easy-to-read-and-or-plain-language-model/
2. Lin, C. L., and Tsai, C. Y. (2021). The effect of a pedagogical STEAM model on students' project competence and learning motivation. *J. Sci. Educ. Technol.* 30, 112–124. doi: 10.1007/s10956-020-09885-x
3. Aula Planeta (2015). *Andalusia Implements the Subject Culture and Digital Practice in 6th Grade of Primary*. Available online at: <https://www.aulaplaneta.com/2015/06/04/recursos-tic/las-siete-competencias-clave-de-la-lomce-explicadas-en-siete-infografias>
4. Bush, S., Cook, K., Edelen, D., and Cox, R. (2020). Elementary students' STEAM perceptions: extending frames of reference through transformative learning experiences. *Elem. Sch. J.* 120, 692–714. doi: 10.1086/708642
5. asado, R., and Checa, M. (2020). Robotics and STEAM projects: development of creativity in primary education classrooms. *Pixel Bit* 58, 51–69. doi: 10.12795/pixelbit.73672
6. INTEF (2019). *This is How Robotics and Programming are Taught in Spanish Classes*. Education 3.0. Available online at: <https://www.educaciontrespuntocero.com/noticias/robotica-y-programacion-espana/>
7. Mengmeng, Z., Xiantong, Y., and Xinghua, W. (2019). Construction of STEAM curriculum model and case design in Kindergarten. *Am. J. Educ. Res.* 7, 485–490.
8. Molina, A., Adamuz, N., and Bracho, R. (2020). Problem solving based on Polya's method using computational thinking and Scratch with Secondary Education students. *Aula Abierta* 49, 83–90. doi: 10.17811/rifie.49.1.2020.83-90
9. Miller, J. (2019). STEM education in the primary years to support mathematical thinking: using coding to identify mathematical structures and patterns. *ZDM Math. Educ.* 51, 915–927. doi: 10.1007/s11858-019-01096-y

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Тажинава Анар Асылбековна

МДШО бар Жаңаталап орта мектебі Ұмтыл бастауыш мектебімен КММ

Биология пәні мұғалімі

STEM-білім беру саласының жаңа тренді. Әр бір әріпіне жеке тоқталсақ, жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика. STEM қазіргі заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы деп айтуға болады. STEM әрбір оқушыға алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Біздің мектепте жабдықталған инновациялық STEM кабинеті және биология пәніне арналған модификациялық үлгідегі кабинет бар. Оқушыларға арналған инновациялық құрал-саймандар, 3D принтер, интерактивті тақта, техникалық, оптикалық құрылғылармен толық жабдықталған. Оқушылар сабақ барысында солардың бәрін қолданып, жаңа жоба шығарады.

STEM-білім беру саласының жаңа тренді. Әр бір әріпіне жеке тоқталсақ, жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика. STEM қазіргі заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы деп айтуға болады. Бәсекеге қабілетті

ұрпақты тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті. Сол арқылы оқушыларды ғылымға деген қызығушылығын арттыруды көздейді. Мұғалім өз тәжірибесінде оқытудың бала үшін тиімді әдіс- тәсілін қолданғанда ғана нәтижеге жетеді. Сабақтардан оқушы теорияны оқиды, біреу жақсы түсінеді, біреу өз шамасына қарай түсінеді. Бірақ теориялық білімін қайда, қалай қолданамын деген ой пайда болады балада. Алған білімін ертеңгі өмірде қолдана алмасам оның маған керегі не деген ой туындайды. Міне осы сұрақтың жауабын STEM оқыту технологиясы арқылы жетуге болады. STEM оқытудың ерекшелігі осында жатыр, теориялық алған білімін өмірде қолдану, бірнеше пәндерден алған білімді қоса отырып, жаңа қолданбалы зат жасап шығару. Бала өзінің жасаған бұйымын, өнімін көру, жасау арқылы мотивациясы арттады. STEM әрбір оқушыға алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Біздің мектепте жабдықталған инновациялық STEM кабинеті және биология пәніне арналған модификациялық үлгідегі кабинет бар. Оқушыларға арналған инновациялық құрал-саймандар, 3D принтер, интерактивті тақта, техникалық, оптикалық құрылғылармен толық жабдықталған. Оқушылар сабақ барысында солардың бәрін қолданып, жаңа жоба шығарады. STEM арқылы оқушы мотивация алады, теорияға деген қызығушылығы артады, оның маңызын түсінеді. Сабаққа деген қызығушылығы артады. Нәтижесінде оқушы.

-Жоба жасай алады.

-Идея ойлап табады.

-Жан-жақты болады.

-Оқушының дарындылығы анықталады.

-Бәсекеге қабілетті болады.

-Жаңа жоба жасай алу арқылы Қазақстанға өз пайдасын тигізетін азамат болады.

Биология сабағында модельдеу әдісін қолдану арқылы теориялық алған білімін практикада қолдана білу. Модельдеу арқылы есте сақтау, ойлау және шығармашылық қиялын дамытады. Өз қолымен жасалған модель технологиялық сауаттылықты қалыптастырады, стратегиялық ойлауды дамытады, сызба құрастыруды үйренеді. Бұл оқушыға болашақта алған білімін өмірде қолдануына үлкен мүмкіншілік береді. Қазіргі заманауи мұғалім оқушыларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдерін өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі, ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Әрине STEM білім беру бағдарламасының жүзеге асыру үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Бала біздің болашағымыз, инвестициямыз, үмітіміз, сондықтан білімге салынған инвестиция ең маңызды. STEM технология әрбір баланың өсіп, өнуіне өз септігін тигізеді. Осы STEM технологиясын сабақ барысында қолдана отырып оқушыларымыздың модельдеу жұмыстарын сіздерге ұсынамын. Мысалы биология сабағы 8 сынып оқушыларының «Тыныс алу» бөлімі «Тыныс алу және тыныс шығару механизмі» тақырыбында оқушылардың қолда бар заттардан жасаған модель кеуде қуысын, өкпе, көкеттің тыныс алудағы рөлін көрсетеді. 7 сынып оқушысы Атығай Іңкәр «Экожүйелер» бөлімі «Қоректік тізбек пен торды құру» орман экожүйесі, су экожүйесі моделін жасады. 8 сыныпта «Қоректену» бөлімі «Адамның асқорыту жүйесі құрылысының» моделін Мырзатай Назерке және Қанаш Жанбота жасады. 9 сынып оқушылары «Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» бөлімі «Адам хромосомасы жиынтығынан кариограмма құру» модель құрастырды, сонымен қатар 9 сыныпта «Координация және реттелу, биофизика» бөліміне арналған №2 Модельдеу жұмысы «Жүйке ұлпасының құрылысы» тақырыбына оқушылар жүйке ұлпасының моделін ермексаздан жасады. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері тақырыбына модельдеу жұмысы «Адамның генеологиялық шежіре ағашын құру» оқушылар Шежіре ағашын жасады. Молекулалық биология бөлімі №4 модельдеу «ДНК молекуласын құру» 9 сынып оқушылары Мырзабай Жұлдызай мен Асылбек Айша ДНК моделін құрастырды. 11 сынып «Биомедицина» бөлімі тақырыбына «Жасанды қол» моделін 11 сынып оқушылары Бөлекбай Абылай құрастырды. Биология сабағын оқытуда оқу бағдарламасында модельдеу жұмыстары Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

№	сынып	модельдеу
1	7 сынып	4
2	8 сынып	2
3	9 сынып	7
4	10 сынып	4
5	11 сынып	2

Биология сабағын оқытуда Mozaik 3D цифрлық білім беру ресурс қолданамын.

№1 Mozaik 3D модель <https://itunes.apple.com/us/app/apple-store/id1064850237?mt=8>.

Оқушылар Mozaik 3D сайтындағы сабақтарда қолданылатын сандық, кітаптар мен кез келген интерактивті мазмұнға қол жеткізе алады. Олар білімді 3D көріністер, бейнелер, интерактивті жаттығулар және цифрлық сабақтар көре алады. Сонымен қатар дағдыларды дамыту және эксперименттік құралдар мен ойындар арқылы ойын түрінде жаттыға алады. Мұнда олар мұғалімдер жасаған презентацияларды көре алады, сонымен қатар онлайн режимінде үй тапсырмасын орындай алады.

Ең алғаш адамның эмбрион жасушалары STEM бойынша зерттелген. Мысалы Паркинсон «parkinson disease», диабет - «diabetes», панкреатид «pancreatic». Ересек адамдардағы бағаналы жасушаларына қарағанда, эмбрионның бағаналы жасушаларына зерттеу жүргізген тиімді нәтиже береді. 11 сыныпта «Биосфера Экожүйе. Популяция» бөлімі «Қоректік тізбектерде энергия тасымалдаудың сұлбасын құрастыру» модельдеу. Организмдер арасындағы қоректену тізбегін құрастыру. «Экология және адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері» модельдеу жұмысы «Климаттың ғаламдық жылынуын компьютерлік модельдеу». Компьютерді қолдану арқылы климаттың ғаламдық жылынуы модельдеу жасалды.

STEM жаратылыстану пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі. Зертханалық практикум STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEM зертханаларының мақсаты- теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі мүшелердің жұмысын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау. STEM технологиясын макроөлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеуге, мұнда нақты өмірдегі әртүрлі нысандардың, құбылыстардың прототиптерін жасап шығару.

Жақын болашақта елімізде био және нанотехнологиялар мамандары қажет болады. Болашақ мамандарына жаратылыстану ғылымдарының, инженерия мен технологияның әр түрлі білім салалары бойынша жан- жақты дайындық және білім қажет болады.

«Бала - болашағымыз» деген елміз сондықтан да біздің алдымызда ұлы міндеттер тұр. Ел болашағы болар жас ұрпақты тәрбиелеу жолында біз, ұстаздар, баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен қатар алған білімін болашақта қолдана алатын, сандық сауаттылығы артқан, өз ойын еркін жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуге міндеттіміз. Өл үшін болашақ жаңашыл мұғалімдерде. Жаңашыл ұстаз- заман талабы.

Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім- шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін, барлық білімді жібермей, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім. Бүгінгі білім беру процесіндегі талаптарды ескере отырып, өзін- өзі жетілдіретін педагог оған әрекет етуге және білім беру процесін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін осындай кәсіби құзыреттіліктердің қажеттілігін сезіну қажет. STEM технологиясы арқылы оқыту және оқу процесін қамтамасыз ету мұғалімдердің жаратылыстану- математикалық сауаттылықты және одан да жоғары құзыреттілікті талап етеді. Білімнің болашағы STEM оқытуда өміршең технология.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.Г.Ногайбаева Развитие STEM образования в мире и в Казахстане.

БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM БАҒЫТЫН ДАМУ

Бодауов Марат Ерболатович

Жетісу облысының әдістемелік орталығының әдіскері,Талдықорған қаласы

Биология пән мұғалімі

STEM білім беру төрт пәнді біріктіретін оқытудың интеграцияланған тәсілі: ғылым (Ғылым), технология (технология), инженерия (инженерия) және математика (математика). STEM білім берудің мақсаты оқушылардың осы салалардағы дағдылары мен білімдерін дамыту және шығармашылық ойлауды, мәселелерді шешуді және ынтымақтастықты ынталандыру болып табылады. Қазіргі жаратылыстану білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану оқу экспериментінің жаңа түрін – виртуальды эксперименттің пайда болуына әкелді. Бұл STEAM технологиялардың виртуалды модельдеу түрі болып саналады

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр. Осы тұрғыда болашақ ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде мұғалімдердің алдында үлкен міндет тұр. Қазыргі білім беру саласында оқушыларды сабақта қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқыту, балалардың сабаққа қызығушылығын төмендететінін байқатты. Менің байқағаным сабақтарды қызықты, баланың шығармашылық қабілетін ашатын технология элементтерін қолдану арқылы оқыту нәтижелі болмақ. Бүгінгі таңда сабақтарға сандық модельдеу және прототиптеу, 3D басып шығару, мобильді технология, компьютерлік бағдарламалау, деректерді талдау, заттар интернеті, машиналық оқыту және ойын әзірлеу арқылы оқыту кіреді. Осындай модельдеу арқылы оқытуда ерекше атап өтетін технологияның бірі - STEAM білім беру цифрлық құрылымы.

STEAM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEAM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі.

Қазақстанда да STEAM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEAM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEAM-элементтерді енгізу жоспарланды.

STEAM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

STEAM-білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл

көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

Биологиядағы STEAM технологиясына тоқталатын болсам, биология негізгі STEAM (ғылым, технология, инженерия және математика) пәндерінің бірі болып табылады. Ол молекулалар мен жасушалардан бастап экожүйелер мен биоәртүрлілікке дейін бәрін зерттейді.

Қазіргі жаратылыстану білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану оқу экспериментінің жаңа түрін – виртуальды эксперименттің пайда болуына әкелді. Бұл STEAM технологиялардың **виртуалды модельдеу** түрі болып саналады.


Виртуалды зертхана – компьютерде химиялық, физикалық, биологиялық т.б. үдерістерді модельдейтін (үлгілейтін), оның шарттары мен жүргізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарлама. Мұндай бағдарлама интерактивті оқытуды іске асыру үшін ерекше жағдай жасайды.

Виртуальды зертханалар әртүрлі үдерістердің жүру шарттары мен белгілерін сапалы деңгейде үлгілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, AR Anatomy 4D программасын телефон арқылы Play market –тен жүктеп алып, арнайы өзінің шаблондары арқылы адам ағзасындағы мүшелерді 4D модельі арқылы көре аласыз Anatomy AR, Internal Organaz 3D, 3D Biology, My Organaz Anatomy, т.б программалар арқылы дене мүшелері мен адам ағзасындағы бірнеше жүйелермен танысуға болады және жан-жақты таныстырылым көрініс тапқан Merge Explorer программасы арқылы арнайы шаблонды кубикпен химия, биология, география, физика, экология, пәндері бойынша 3D модельдерін көруге болады Blood Pressure BPM Tracker телефон арқылы жүрек соғысын, қан қысымын, тамырдың соғысын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай виртуалды зертханаларды сабақта қолдана отырып, балалардың шығармашылығы дамиды. Сабақтарда тақырыпқа байланысты өз қолдарымен жасаған модельдерді де қолдануға болады.



1- 2 сурет Жасушаның құрылысы



3-сурет Қан айналым

Сонымен қорытындылай келе, STEAM-білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдаланады, белсенді қарым-қатынас құра отырып топтық жұмыс жасауға үйренеді, техникалық пәндерге қызығушылығы артады, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарасы қалыптасады.

STEAM-білім берудің кілттік мақсаты – оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін, өнертапқыш шешімдер мен зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсетуге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділіктері қалыптасады. STEAM-білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

Осылайша, STEAM-білім беру оқушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ноғайбаева Г. әлемде және Қазақстанда STEM білім беруді дамыту. // Білімді ел - білімді ел №20 (57), 2016. -52 Б. bilimdi_el@mail.ru

2.Г.Ногайбаева Развитие STEM образования в мире и в Казахстане.

STEAM БІЛІМ БЕРУ- ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ.

**Мұхтар Нұржан Мұхтарұлы, Жетісу облысы, Қаратал ауданы
Қанабек Байсеитов атындағы МДШО бар орта мектебі**

Химия пәнінің мұғалімі, педагог сарапшы

STEAM-ің әрбір құрамдас бөлігі оқу процесіне бірегей элементтерін қосады. Орта білім беру ұйымдарында, STEAM ді тиімді қарастыру жолдары ұсынылған. Мұғалімнің шығармашыл оқушымен жұмысы. Кәзіргі заман талабына сайы біліммен қатар білімді өмірде қолданудың жолдары қарастырылған. Химия пәнін жеке пән ретінде емес жан жақты пәндерді кіріктере отырып оқыту керек. Бейімделу: техникалық дағдыны шығармашылық ойлаумен ұштастыра отырып, оқушылар тез өзгертін әлемде, әсіресе дамып келе жатқан жасанды интеллект дәуірінде қажетті бейімделгіштікпен қамтамасыз етеміз.Мансапқа дайындық: біртұтас STEAM дағдылары бар оқушылар экономикалық бәсекеге қабілеттіліке дайын болады. STEAM білім беру оқушыларға динамикалық және технологияға негізделген болашақ мансапқа жақсы дайындалуын қамтамасыз ете отырып, әртүрлі дағдылар жиынтығын қамтамасыз етеді.Күрделі мәселерді шешу: Қазіргі заманғы міндеттер көбінесе пәнаралық байланысты қажет етеді. STEAM білімі әр түрлі Жекелеген пәндік шекараларды бұзу, шығармашылықты дамыту және STEAM арқылы нақты әлемдегі мәселелерді шешуге жәрдемдесу, сіз оқушыларыңызды бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан әлемде қажетті әртүрлі дағдыларды дамытуға шабыттандырып, бағыттай аласыз.

XXI ғасырдың мұғалімдері ретінде біз оқушыларымыз қазіргі әлемнің мәселелерін шешуге қажетті дағдылары бар тұтас тұлға болуға дайындағымыз келеді. STEAM-де оқыту жасанды интеллекттің қарқынды дамып келе жатқан дәуірінде өте өзекті болып табылады, өйткені ол оқушыларға үнемі өзгеріп отыратын өмірге бейімделуге мүмкіндік береді, бұл олардың болашақ мамандықтарына жақсы дайындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен, STEAM білім беру дегеніміз не және оны сыныпта қалай тиімді жүзеге асыруға болады? STEAM Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика білім саласын біріктіреді. Бұл пәнаралық байланыс оқушыларға әртүрлі дағдылар жиынтығын, пәнаралық байланысқан мамандықтарға қажет болатын дағдыларды дайындауға бағытталған. STEAM-ің әрбір құрамдас бөлігі оқу процесіне бірегей элементтерін қосады:

Ғылым: табиғат әлемін түсінуге ықпал ете отырып, қызығушылықты, өмірмен байланыстыра жұмыс жасау.

Технология: мәселелерді шешу және оқу тәжірибесін жақсарту үшін құралдарды, бағдарламалық және цифрлық платформаларды пайдалануды қамтиды.

Инженерлік: практикалық жобалар мен инженерлік жобалау процесі арқылы дизайнды ойлауға және мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Өнер: оқуға біртұтас көзқарасты дамыта отырып, әртүрлі көркемдік орталар арқылы шығармашылық пен мәдениеттілікті біріктіреді.

Математика: логикалық пайымдау, сандық талдау және есептерді шешудің негізгі

дағдыларын қамтамасыз етеді.

Мамандықтар технологияға негізделген және пәнаралық сипатқа ие бола бастаған сайын, STEAM-да білім алған оқушылар заманауи жұмыстарда өз артықшылықтарын көрсете алып көшбасылық қасиеттерге ие болады, жаңа идеяларды жылдам ұсынуға қабілетті болуы.



Бейімделу: техникалық дағдыны шығармашылық ойлаумен ұштастыра отырып, оқушылар тез өзгеретін әлемде, әсіресе дамып келе жатқан жасанды интеллект дәуірінде қажетті бейімделгіштікпен қамтамасыз етеміз.

Мансапқа дайындық: біртұтас STEAM дағдылары бар оқушылар экономикалық бәсекеге қабілеттіліке дайын болады. STEAM білім беру

оқушыларға динамикалық және технологияға негізделген болашақ мансапқа жақсы дайындалуын қамтамасыз ете отырып, әртүрлі дағдылар жиынтығын қамтамасыз етеді.

Күрделі мәселерді шешу: Қазіргі заманғы міндеттер көбінесе пәнаралық байланысты қажет етеді. STEAM білімі әр түрлі пәндерден алған білімдерін біріктіру арқылы күрделі мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Мәдени және көркемдік бағалау: өнерді STEAM-ге қосу жан-жақты және болашаққа дайын тұлғалардың дамуына ықпал ете отырып, мәдени жауаптылық пен көркемдік мәнерлілікті бағалауға ықпал етеді.

STEAM технологиясын сабақтарда қалай кіріктіру керек?

STEAM білім туралы көп қателіктердің бірі жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математиканы жеке жеке оқытады деп ойлайды. Шындығында, STEAM оқыту кезінде бұл салалардың бәрін бірлесе оқыту керек, әр жұмыс бастағанда осы пәндерде алған ақпараттарын бір жерде ұштастыра алуы. Пәндерді жекелей оқыту ол STEAM технологиясына жатпайды.

STEAM білім беруін сыныпта келесі әдіс тәсілдерді тиімді қолдану арқылы қол жеткізуге болады:


Жобаға негізделген оқыту: оқушылар мәселелерді шешу үшін әртүрлі пәндерден алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыратын практикалық, жобаға негізделген оқу әрекеттерін біріктіру.

Мысалға алатын болсақ

Үлкен қалалардағы ауыз суларды тазарту жобасын жасауды ұсыныңыз. Бұл жерде оқушылар топтық жұмыстар жүргізеді әр бөлікті құрастыру кезінде оқушылар физика, химия, биология, география, математика, көркем еңбек пәндерінде алған білімдерін қолдана отырып жобаны құрасытрады. Бұндай жобаларды оқушыларға алдын ала беріп онды сабақ барысында қорғау ұсынылады.

1 сурет Суды тазарту

Мұнай ұғымасын жасау. Бұл жобаны 9 сынып оқушыларына жылдың басында топтық тапсырма ретінде ұсыну керек. Мұнай тақырынбын өткен кезде топтар осы жобаны қорғауына болады. Себебі мұнай біздің қара алтын деп қарастырылады. Оқушылар мұнай алу механизімін біліп шығады,



2 сурет




3 сурет

Технологияларды интеграциялау: STEAM білім берудің негізгі аспектісі болып табылады. Оқушылар геймификация, ынтымақтастық, модельдеу және виртуалды зертханалар арқылы осы пәндер арасындағы байланыстарды түсінеді ChatGPT баламалары сияқты технологиялық құралдар мен ресурстарды пайдалануды үйренеді.



4 сурет.Графикалық жұмыс



5 сурет. Ментальді карта





6 сурет



Біз кәзіргі таңда оқушыларды ғаламтордың дамыған кезеңінде ұялы телефон оқушылардан бөліп ала алмаймыз. Керсінше біз оларға тиімді қолдануды үйретуіміз керек. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін төмендегі платформаларды ұсынымамын



7 сурет. Joyteka бағдарламасы



8 сурет. Quizizz платформасы



9 сурет. Wordwall платформасы

Қорыта келе, STEAM-ді сыныпқа енгізу қызықты және пайдалы процесс болады. Есіңізде болсын, жаңа тәсілді енгізу біртіндеп жүретін процесс және кішкентайдан бастаған дұрыс. Уақыт өте келе, сіз және сіздің оқушыларыңыз жаңа технологияларды тез меңгеріп бәсекеге қабілетті болып әлемдегі өзгерістерді тез қабылдайсыздар. STEAM білімін сыныпқа енгізудің уақыты келді. Жекелеген пәндік шекараларды бұзу, шығармашылықты дамыту және STEAM арқылы нақты әлемдегі мәселелерді шешуге жәрдемдесу, сіз оқушыларыңызды бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан әлемде қажетті әртүрлі дағдыларды дамытуға шабыттандырып, бағыттап аласыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilimainasy.kz/stem-мектеп-оқушыларын-оқытудың-жаңа/>
2. <https://daryn.online/article/2417>
3. Химия пәнін оқытудағы STEM технологиясының мүмкіндіктері әдістемелік құрал құрастырған Р.М. Жуманова

STEAM ОҚЫТУДЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Катубекова Лаззат Оразымбековна

**«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің Ынтымақ ауылы № 30 орта мектеп**

Педагог-шебер, бастауыш сынып мұғалімі

Индустрияландыру кезеңінде әртүрлі зауыттардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған мектеп жүйесі тар мамандықты мамандарды дайындауға және қатаң кесте бойынша жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Бұл білім беру құрылымында балалар қателіктері үшін жиі сөгіс алады, өйткені өндірісте қате жіберетін қызметкерлердің қажеті жоқ. STEM білім берудің көмегімен, мысалы, мобильді телекоммуникациялық желі мұнараларына қызмет көрсетуге немесе спутниктерге арналған күн батареяларын сынауға маманданған жоғары білікті инженерлерді дайындауға болады.

Индустрияландыру кезеңінде әртүрлі зауыттардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған мектеп жүйесі тар мамандықты мамандарды дайындауға және қатаң кесте бойынша жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Бұл білім беру құрылымында балалар қателіктері үшін жиі сөгіс алады, өйткені өндірісте қате жіберетін қызметкерлердің қажеті жоқ.

Алайда, егер адам қателесуден қорқатын болса, бұл оның шығармашылығын тұншықтырып жіберуі мүмкін. Тек сауатты болсаң болғаны, бұл- өткен заман. Қазіргі уақытта шығармашылық әлеуетіңізді белсенді түрде ашып, дамыту қажет. Ескірген білім беру жүйесін алмастыра отырып, STEM білім беру қазір танымал болуда, мұнда STEM

ғылым, технология, инженерия және математиканың аббревиатурасы болып табылады. Бұл білім беру әдістемесі мен бағдарламалары STEM төрт негізгі саласында терең және қолданбалы оқытуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

21 ғасырда робототехника, бағдарламалау, инженерия және кибернетика сияқты салалардағы мамандар сұранысқа ие және мұндай дағдыларға сәйкес оқыту маңызды болды.

STEM білім берудің көмегімен, мысалы, мобильді телекоммуникациялық желі мұнараларына қызмет көрсетуге немесе спутниктерге арналған күн батареяларын сынауға маманданған жоғары білікті инженерлерді дайындауға болады.

STEM бағдарламасы оқушыларының білім алуына ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің оқуына да назар аударады. Олар тек теориялық материалды меңгеріп қана қоймай, балаларды оқыту процесінде оны практикада қолдана білуді де меңгеруі керек. [1]

Жалпы білім беру мекемелеріне STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) енгізудің өміршең тәсілі кәсіби даму жолын қамтиды. Кәдімгі біліктілікті арттыру бағдарламаларынан айырмашылығы, бұл әдіс тек когнитивті оқытуды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық пен әлеуметтік дағдыларды дамыту арқылы ерекшеленеді. Демек, STEAM білім берумен айналысатын мұғалімдер оқытудың инновациялық әдістемелері бойынша дайындықты қажет етеді. STEAM-ті күнделікті мектеп тәртібіне тиімді түрде енгізу үшін тұрақты әсер ететін бір реттік араласудан асып түсетін тұрақты біліктілікті арттыру өте қажет.

STEM білім беруде математика ерекше орын алады, өйткені оның әдістері әртүрлі салалардағы заманауи жобаларда сұранысқа ие. Екінші жағынан, бірқатар авторлар оқушылардың математикалық дайындығының сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі олардың нақты есептердің математикалық шешімдерін іздеуге қатысуы екенін анықтады [4]. Мысалы: көркем еңбек пәнімен байланыстыра проблемалық мысалдар келтіру арқылы оқудың функционалдық сауаттылығын арттыру және шығармашылыққа баулу мақсатында қолдануға болады. STEM білім берудің жағымды жағы – бұл әдістеме оқушының пәнаралық құзыреттіліктерін қалыптастырады, оның ішінде ең маңыздысы – өзіне деген сенімділік пен оқуға деген құштарлық қалыптасады. Пәнаралық байланыс мектеп математикасының пайдалығы мен қолдану мүмкіндігін түсінудің негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Математика оқулықтарында өмірден алынған қысқа есептер әдетте белгілі бір құбылыстар мен жағдайлар туралы контекстен тыс ақпарат береді.

Оқушылардың математикаға деген қызығушылығы математиканы тиісті дәрежеде түсіне алмағандықтан төмендейді. Сондықтан, көбінесе жоғары сынып оқушылары математиканы қызықсыз, маңызды емес және тым қиын деп санайды. Бұл әсіресе мектеп жылдарында математикаға қызығушылықтың төмендеуінен көрінеді. STEM білім беру – білімнің басқа салаларына қызығушылықтарын пайдалана отырып, оқушылардың назарын математика пәніне қосу мүмкіндігі. Орта мектеп оқушылары математиканы дәстүрлі әдістерге қарағанда практикалық, интерактивті немесе технологияға негізделген сабақтар арқылы үйренгенді жөн көреді. Бұл біріктірілген STEM тәсілімен жақсы үйлеседі. Бұл тәсіл арқылы оқушылар өздерінің жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерімен өмірде және кез- келген мансапта көмектесетін 21 ғасыр құзыреттерін дамыта алады [5].

STEM технологиясын оқытудың тағы бір мүмкіндігі. Сыни тұрғыдан ойлау қазіргі жағдайға тәуелсіз объективті көзқарасты, белгілі фактілерге күмән келтіре білуді, өз шешімдерін жасау үшін қолда бар деректерді тәуелсіз талдауды қамтиды.

STEM тәсілін енгізу проблемалық оқытуды қолдануды көздейді. Оқытудың бұл түрі жаратылыстану ғылымдарын оқытуда және проблемалық жағдайларды шешуді, дұрыс

жауаптарды іздеуді, жоспарланған шешім жолындағы кедергілерді жеңуді қамтиды. Топтық жұмыс барысында оқушыларға пәнаралық байланыстар бекітілетін жобалық-зерттеушілік сипаттағы күрделі тапсырмалар ұсынылады.

Мысалы: Жаңа жылда бір бөлмелі пәтердің құны 10 пайызға, 2 бөлмелі пәтердің құны 20 пайызға, бұл екі пәтердің жалпы құны 16 пайызға арзандады. Екі бөлмелі пәтер бір бөлмелі пәтерден неше есе қымбат?

Шешімі. 1-ші жол. Бір бөлмелі пәтердің құнын x бірлік деп алсақ. Екі бөлмелі пәтердің құны бір бөлмелі пәтердің құнынан k есе қымбат дейік. Тапсырма шартын қолдана отырып, кесте құрамыз:

Пәтерлер	Пәтер бағасы	
	ескі жылы	жаңа жылда
Бір бөлмелі пәтер	x	$0,9x$
Екі бөлмелі пәтер	kx	$0,8kx$
Екі пәтердің жалпы құны	$(1+k)x$	$0,84(1+k)x$

Теңдеу құрайық: $0,9x + 0,8kx = 0,84(1+k)x$,

$$0,04k = 0,06$$

$$k = 1,5$$

k мәнін тапқаннан кейін біз екі бөлмелі пәтердің құны бір бөлмелі пәтерден 1,5 есе қымбат екенін анықтадық.

Шешімі. 2-ші жол. 2 айнымалыны қолданайық. x бірлік – бір бөлмелі пәтердің құны, y бірлік – екі бөлмелі пәтердің құны болсын, кесте 2: Кесте 2. Есептің шешімін іздеу кестесі

Пәтерлер	Пәтер бағасы	
	ескі жылы	жаңа жылда
Бір бөлмелі пәтер	x	$0,9x$
Екі бөлмелі пәтер	y	$0,8y$
Екі пәтердің жалпы құны	$x+y$	$0,84(x+y)$

$$0,9x + 0,8y = 0,84(x+y)$$

$$0,04y = 0,06x$$

$$y/x = 1,5$$
 Сондықтан екі бөлмелі пәтер бір бөлмелі пәтерден 1,5 есе қымбат. Жауабы: 1,5 есе.

STEM технологиясын қолданудың артықшылықтары: STEM технологиялары көбірек тәжірибе жасауға және практикалық білім алуға мүмкіндік береді, оқушыларды оқу процесіне белсенді қатыстыруды қамтамасыз етеді және өнімді іс-әрекетті ұйымдастырады, қажетті ақпараттың қолжетімді болуын және ақпарат көздерімен жұмыс істеуде маңызды дағдыларды дамытады, оқушылардың коммуникативті дағдыларын және әлеуметтік қарым-қатынасын, тапқырлық пен шығармашылық қабілеттерін дамытады. STEM технологияларын қолданатын бірыңғай оқу бағдарламасы болмаған жағдайда, сондай-ақ оларды оқыту құралы ретінде қалай тиімді пайдалану керектігін білмеген кезде қиынға соғады.

Қорытынды математиканы оқу процесіне STEM білім беру технологиясын енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді, өйткені практикалық бағыттылық пен жобалармен жұмыс жасау оқушылар үшін маңызды болып табылады. Сипатталған STEM тәсілі қазіргі жалпы білім беретін мектептегі кейбір математика сабақтарының сапасын өзгертуге арналған.. Осылайша, STEM-тәсілі мектеп оқушыларына математика пәнін оқытуда мазмұндық жағынан да, әдістемелік - технологиялық аспектілер бойынша да пәнаралық принциптерді ескере отырып, маңызды білім беру әлеуетіне ие.

STEM білім беруді енгізу жолдары осы мақалада келтірілген мүмкіндіктермен шектелмейді, олардың келешегі сипатталғандардан әлдеқайда кең және оқу үдерісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілу дәрежесіне, әрбір мұғалімнің педагогикалық шеберлік деңгейіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ «Білімді ел — Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г

- 2.Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \ «Білімді ел — Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
- 3.Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>
- 4.А.В.ВозможностиSTEM-подхода в обучении школьников естественным дисциплинам. — Минск, 2021. — С. 179–183.
5. Фаенко А. В. К вопросу об актуальности STEM-образования //Физикоматематическое образование: цели, достижения и перспективы материалы межд. науч.-практ. конф. — Минск, 2019. — С. 189–191.
- 6.Теплова А. Б. Психолого-педагогические условия реализации программы "STEM образования для дошкольников и младших школьников". М., 2018. — С. 160-165.

Физика пәнінде зертханалық сабақтарды STEM технологиясы арқылы оқыту

Даулетбек Мариям,

«Жетісу облысы Білім Басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мойнақ ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №23 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Физика пәні мұғалімі, педагог

STEM білім беру әлемдік бәсекеге қабілетті экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының көптеген елдерінде жоғары технологиялар саласындағы мамандарды даярлаудың негізі болып табылады.

Заманауи цифрлық технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық салаларын цифрландырудың жылдам қарқынмен өтуіне байланысты «STEM» білім беру маңызды және өзекті мәселенің бірі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы жалғастырылуды. Мектептерде химия, биология, физика пәндері кабинеттері мен, STEM-кабинеттермен жарақтандырылды –[1].

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) - ғылым, технологиялар, инженерия және математика ұғымын білдіреді. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREAM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады [2].

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату болмақ. (Tsupro, 2009).

STEM жаратылыстану пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі.

Зертханалық практикум физика, химия, биология т.б. және т.б. басқа пәндерді STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEM зертханаларының мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік

мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту [3].

Жаратылыстану пәндеріне қатысты STEM технологиясын келесі бағыттарда қолданған тиімді болып саналады:

Макроәлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеуге; мұнда реалды өмірдегі әртүрлі нысандардың, құрылыстардың, құралдар мен жабдықтардың (ракета, машина, әуе, су кемелері, зауыттар мен фабрикалар үлгілері, кез-келген өндірістің инженерлік технологиясы, физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстар) прототиптерін жасап шығару. Оларға STEM технологияның құрылымдау (конструирование), технологиялық модельдеусындай түрлері жатады.

STEM технологияларының озық түрлерінің (математикалық модельдеу, инженерлік графика, дизайн жасау, сандық зертханалар) көмегімен бақылап, зерттеп, қандайда бір өнімдер жасауға болады.

-Сандық зертханалар – жаратылыстану цикліндегі сабақтарда демонстрациялық және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін қажетті қондырғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары. Сандық (компьютерлік) зертхана – әрүрлі физикалық-химиялық шамаларды тіркейтін датчиктер (құрылғылар) мен контейнерден, жеке компьютермен байланыс жасау қабілеті бар өлшеу блогынан тұрады. Мұндай зертханаларды қолдану жұмыс барысындағы көрнекілікті арттырып қана қоймай, зертхана комплектісіне енетін жаңа, сезімтал құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін де тез, әрі жоғары дәлдікпен өңдеуге көмек береді, мысалы, химия-биологиядан (жарықталу, ылғалдылық, тыныс алу, оттегі концентрациясы, жүрек жиырылуының жиілігі, температура, қышқылдылық және т.б. датчиктер), физика зертханасында (күш, арақашықтық, қысым, температура, ток күші, кернеу, жарықталу, дыбыс, магниттік өріс датчиктері). Сандық зертханалар жабдықтары әмбебап, әртүрлі тәжірибелік қондырғыларға жалғануы мүмкін, өлшеулерді «далалық жағдайда» жүргізуге болады, мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдейді, өлшеу параметрлерін өзгерту мүмкіндіктері арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Демонстрациялық жұмыстарды жүргізу үшін қолданылатын AFS бағдарламалық-ақпараттық кешен көмегімен физика, химия және биологиядан тәжірибелік жұмыстарды жүргізіп, алынған мәліметтерді өңдеуге болады.

Қазіргі жаратылыстану білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану оқу экспериментінің жаңа түрін – виртуальды эксперименттің пайда болуына әкелді. Бұл STEM технологиялардың **виртуальды модельдеу** түрі болып саналады.

-Виртуальды зертхана – компьютерде химиялық, физикалық, биологиялық т.б. үдерістерді модельдейтін (үлгілейтін), оның шарттары мен жүргізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарлама. Мұндай бағдарлама интерактивті оқытуды іске асыру үшін ерекше жағдай жасайды.

Виртуальды зертханалар әртүрлі үдерістердің жүру шарттары мен белгілерін сапалы деңгейде үлгілеуге мүмкіндік береді. Визуализация (бейнелеу) тәсілі бойынша екі өлшемді және үшөлшемді графика және анимациялар пайдаланылатын зертханаларды жіктейді. Бұл әдістер белгілі шетелдік жасалымдарда әртүрлі дәрежеде пайдаланылады. Мысалы, Carnegie Mellon University (АҚШ) жасалынған Virtual Chemistry Laboratory білім беру бағдарламасы Интернет арқылы да, компакт-дискілерде де таратылады.

-Микроәлемде жүріп жатқан үдерістерді зерттеу. Ол үшін Интернет жүйесіндегі MEL Science қосымшасын пайдалану қажет, ол жаратылыстану ғылымдарын виртуальды өмірде шынайы түрде көрсетіп оқытады. Мысалы, химия пәнінде кез-келген элемент атомын өз қолымен құрып, жасақтауға болады. Бұл қосымша MEL Chemistry VR app деп аталады, ол Google Daydream платформасын қолданушыларға қолжетімді.

STEM	арқылы	оқушы	не	үйренеді:
└		Мотивация		алады.
└	Теорияға деген	қызығушылығы	артады, оның маңызын	түсінеді.

—	Сабаққа	деген	қызығушылығы	артады.
—	Жоба		жасай	алады.
—	Идея	ойлап	табады	алады.
—	Жан	-	жақты	болады.
—	Дарынды		оқушы	анықталады.
—	Бәсекеге		қабілетті	болады.
—	Сын	тұрғысынан	ойлай	алады.

— Жаңа жоба жасай алу арқылы, Қазақстанға өз пайдасын тигізетін азамат болады.

Қорытындылай келе қазіргі заманауи мұғалім оқушыларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Әрине, STEM - білім беру технологиясын жүзеге асыру қаржылай мәселелерге алып келеді. Бірақ, білімге салынған инвестиция, ең тиімді инвестиция. Бұл технология әрбір баланың өсіп, өнуіне өз септігін тигізеді. деп ойлаймын .

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.
2. Г. Ногайбаева. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. «Білімді ел-Образованная страна», №20(57) от 25 октября 2016 г.
3. С.А.Шитыбаев, Н.А.Уакбаева, Э.Ө.Байғұт. Химия сабақтарында STEM оқытудың тиімділігі және оны қолдану. «Өрлеу-Шымкент» Республи-калық әдістемелік-педагогикалық журналы. №2 (38), 33-37 б.б.

STEAM ОБРАЗОВАНИЕ - В СРЕДНЕМ ОБРАЗОВАНИИ: МАШИНОЕ ОБУЧЕНИЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Скирда Татьяна Ивановна

КГУ «Средняя школа имени Р. Кошкарбаева»

Область Жетісу, Каратальский район, село Ескельды

Учитель информатики, педагог-сарапшы

Введение

STEAM образование, объединяющее науку, технологии, инженерию, искусство и математику, является одним из самых актуальных направлений в современной образовательной системе. Оно позволяет развивать у учащихся не только навыки программирования и работы с компьютером, но и творческое мышление, системное мышление, коммуникацию и сотрудничество, умение управлять проектами и процессами, умение работать в режиме высокой неопределенности.

Цель исследования: Определить преимущества использования STEAM образования в обучении информатики.

Основная часть

Внедрение STEAM образования на уроках информатики в средней школе имеет множество преимуществ и является эффективным способом развития у учащихся широкого спектра навыков и компетенций.

Меняется привычная для нас форма преподавания, когда урок построен вокруг учителя. По STEAM методике, в центре внимания находится практическое задание или проблема. Ученики учатся находить пути решения путем проб и ошибок. Большое значение имеет практическое применение полученных знаний. Школьники не просто знакомятся с новыми понятиями, а учатся реализовывать теоретические знания в решении практических

проблем.

Начиная с простых задач программирования, школьники постепенно продвигаются к более сложным проектам, в которых применяют разнообразные цифровые инструменты и технологии. Основываясь на принципах STEAM-образования, учитель информатики может создавать интерактивные уроки, включающие в себя не только программирование, но и дизайн, создание искусственного интеллекта, моделирование и множество других креативных задач.

1. Развитие креативности

На уроках информатики с использованием STEAM обучения учащиеся могут изучать различные аспекты программирования, создания игр, виртуальной реальности и многого другого. Они могут создавать свои собственные игры, разрабатывать виртуальные миры, изучать основы робототехники и даже создавать свои собственные приложения. Все это позволяет им применять полученные знания на практике и развивать свои навыки в интересной и захватывающей форме.

STEAM образование на уроках информатики также способствует развитию творческого мышления у учащихся. Они могут экспериментировать, создавать идеи, решать проблемы и находить нестандартные подходы к решению задач. Это помогает им развивать свою креативность и инновационное мышление, что является важным навыком в современном мире.

2. Развитие навыков сотрудничества

Кроме того, STEAM образование на уроках информатики способствует развитию коммуникации и сотрудничества у учащихся. Они могут работать в команде, обмениваться идеями, решать задачи вместе и делиться своими достижениями. Это помогает им развивать навыки работы в коллективе, учиться слушать и уважать мнение других, а также находить компромиссы.

3. Развитие мотивации и познавательного интереса

Кроме того, оно делает уроки информатики более интересными и захватывающими, что способствует повышению мотивации учащихся и их активному участию в учебном процессе. STEAM образование на уроках информатики стимулирует развитие у детей умения анализировать, проектировать и реализовывать свои идеи. Они учатся работать в команде, обмениваться идеями и точками зрения, что на практике развивает навыки коллаборации и коммуникации.

4. Развитие навыков саморазвития в цифровом мире

Внедрение STEAM образования на уроках информатики следует рассматривать как одно из приоритетных направлений развития образовательной системы. Применение STEAM образования на уроках информатики в средней школе не только делает обучение максимально привлекательным для школьников, но и готовит их к быстро меняющемуся цифровому миру. Этот подход помогает создать атмосферу, где ошибки рассматриваются как возможности для саморазвития и улучшения.

5. Машинное обучение для детей

Машинное обучение окружает нас повсюду. Все мы ежедневно пользуемся системами машинного обучения, такими как фильтры спама, системы рекомендаций, службы языкового перевода, чат-боты и цифровые помощники, поисковые системы и системы обнаружения мошенничества. Скоро системы машинного обучения будут управлять нашими автомобилями и помогать врачам диагностировать и лечить наши болезни. Важно, чтобы дети знали, как устроен мир машинного обучения. Лучший способ понять возможности и последствия - это уметь создавать с помощью этой технологии. Когда дети что-то создают, они приходят в восторг.

Машинное обучение для детей - увлекательная и быстро развивающаяся область, которая знакомит детей с искусственным интеллектом и концепциями анализа данных. Изучая, как машины могут извлекать данные и принимать решения, дети могут развить ценные навыки решения проблем, критического мышления и креативности. Знакомя детей с миром

машинного обучения, они могут приобрести ценные навыки и подготовиться к будущему рынку труда, а также получить возможность создавать инновационные решения реальных проблем.

Проекты, которые могут разработать учащиеся:

1. **Здравоохранение:** Машинное обучение используется для улучшения результатов лечения путем выявления пациентов, подверженных риску развития заболевания, прогнозирования результатов лечения и создания персонализированных планов лечения.

2. **Охрана окружающей среды:** Машинное обучение используется для мониторинга и защиты дикой природы, отслеживания вырубки лесов и прогнозирования стихийных бедствий.

3. **Образование:** Машинное обучение для детей используется для персонализации учебного процесса, выявления учащихся, которые рискуют отстать, и создания инструментов, помогающих учащимся учиться более эффективно.

4. **Транспорт:** Сфера транспорта использует машинное обучение для разработки автономных транспортных средств, которые потенциально могут повысить безопасность дорожного движения и уменьшить пробки на дорогах.

5. **Анализ настроений:** Дети могут использовать машинное обучение для анализа сообщений в социальных сетях и определения настроения текста (позитивного, негативного или нейтрального).

Machine learning for kids — один из лучших веб-сайтов для обучения искусственному интеллекту на основе Scratch. Создан специально для школьников. На этом ресурсе школьники могут научиться обучать модели машинного обучения посредством текста, цифр, звуков, изображений. Не требуется никакой установки программ или особых настроек. Другими словами — для ребят уже подготовлена модель, они в неё вносятся правки и корректировки и создают что-то своё и высокотехнологичное.

Первая страница, на которую попадёт ученик, когда перейдёт на сайт будет предложение создать игру, конечно же нужно её сначала обучить, затем протестировать на наличие ошибок. Тем самым у ребенка развиваются навыки совместного сотрудничества во время создания своего собственного продукта. Машинное обучение - мощный инструмент для творчества и инноваций.

С помощью **TensorFlow** дети могут создавать и обучать модели машинного обучения распознаванию изображений, звуков и других входных данных.

Например, они могут создать программу, которая распознает различные виды фруктов на основе их изображений, или они могут создать программу, которая распознает эмоции в чьем-то голосе.

Code.org - некоммерческая организация, предлагающая множество бесплатных онлайн-курсов и ресурсов для изучения информатики и программирования, включая машинное обучение. Code.org позволяет всем желающим независимо от их возрастных категорий и способностей войти в мир современных IT-технологий. После создания учётной записи, учитель может контролировать прогресс своих учащихся. Для этого нужно создать виртуальный класс, выбрать курс для изучения (предложено множество курсов для разных возрастных категорий), добавить учащихся (поддерживается экспорт списка) и можно приступить к обучению. Сервис можно использовать для организации дополнительного домашнего задания или на факультативных занятиях и кружках.

Заключение

STEAM образование на уроках информатики в средней школе – это важный и эффективный инструмент развития у школьников навыков работы с технологиями и критического мышления. Этот подход способствует развитию креативности, самостоятельности и командного сотрудничества, при этом делая обучение не только познавательным, но и увлекательным процессом. Этот подход позволяет учащимся развивать навыки и компетенции, необходимые для решения сложных задач и применения знаний в реальной жизни. Этот подход не только повышает интерес учеников, но и готовит их к

будущим профессиональным вызовам.

Список использованной литературы и источников

1. Анисимова, Т. И. STEAM-образование как инновационная технология для Индустрии 4.0 / Т. И. Анисимова, О. В. Шатунова, Ф. М. Сабирава. Текст: непосредственный // Научный диалог. 2018. № 11. С. 322–332.
2. STEM-образование в мире и Казахстане. | <http://otbasym.kz/news/obrazovanie/2018-05-18/stem-obrazovanie-v-mire-i-kazahstane> |
3. Прикладное исследование STEM образование в Казахстане: текущее состояние и перспективы развития. | <https://courses.caravanofknowledge.com/course/view.php?id=446> |
4. Машинное обучение для детей | <https://www.ml4k.org/> |
5. Начать с машинного обучения | <https://machinelearningforkids.co.uk/#!/login> |
6. Изучать информатику может каждый | <https://studio.code.org/courses> |
7. Машинное обучение для детей | <https://www.jetlearn.com/blog/empower-with-machine-learning-for-kids> |

STEM КАБИНЕТИНДЕГІ 3D ПРИНТЕР, ROQED, QBIT «ZERTTEUSI 4.0» ТЕХНИКАСЫМЕН ЖҰМЫС.

Хайсар Жанал
«Жетісу облысы Көксу ауданы Балпық би ауылы
Н. Алдабергенов атындағы орта мектеп»

Информатика пәнінің мұғалімі, педагог зерттеуші,
педагогика ғылымдарының магистрі

Біздің әлем тез өзгеруде. OECD Learning framework 2030 мәліметтері бойынша, мектептер барлық деңгейдегі оқушыларды әлі жасалмаған жұмысқа, әлі ойлап табылмаған технологияларға, әлі күтілмеген мәселелерді шешуге дайындауы керек. Кең мағынада STEM мектептері ғылым, технология, инженерия және математиканың төрт негізгі саласына назар аударады.

STEM мектептерінде құрылғыламен жұмыс істеудің негізгі мақсаттары:

Оқушыларды STEM пәндеріне ерте жастан қызығушылық танытуға шабыттандыру.

Қазіргі әлемдегі STEM дағдыларының өзектілігін зерттеу.

STEM мамандарына сұранысты және қол жетімді мансаптық мүмкіндіктерді талқылау.

Мәселелерді шешу және сыни тұрғыдан ойлау үшін STEM сауаттылығын дамыту қажеттілігін атап өту.

STEM білімінің анықтамасы

STEM білімінің бірқатар артықшылықтары бар екендігі дәлелденді. Кейбір мысалдар:

STEM мектептері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, мәселелерді талдауға және инновациялық шешімдерді әзірлеуге шақырады.

STEM білімі оқушыларға технология әлемінде шарлау және табысқа жету үшін қажетті дағдыларды береді.

STEM мектептері оқушыларды қораптан тыс зерттеуге, тәжірибе жасауға және ойлауға шабыттандыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелейді.

STEM мектептері нақты жұмыс ортасын көрсете отырып, ынтымақтастық пен топтық жұмысқа баса назар аударады.

STEM мектептері сыныптағы оқытуды нақты қосымшалармен байланыстыру арқылы теория мен практика арасындағы алшақтықты жояды.


STEM білімі оқушыларды технология, машина жасау, денсаулық сақтау және жаңартылатын энергия көздері сияқты қарқынды дамып келе жатқан салаларда мансаптық мүмкіндіктердің кең ауқымына дайындайды.

STEM-ді тиімді оқыту оқушыларды мектептегі бүкіл оқу барысында жаратылыстану ғылымдарына, математикаға және инженерлік тәжірибелерге белсенді түрде тартады деп саналады. Оқушылардың STEM және инженерлер ретінде жеке басын дамыту мүмкіндігі бар, олар нақты қолданыстағы мәселелерді шешеді.

Мұнда STEM мұғалімдерінің маңыздылығы, олардың адал оқытуы мен сараптамалық білімі оқушылардың үлгеріміне оң әсер етуі. Барлық оқушыларды ынталандыратын және олардың STEM мазмұны мен әдістерімен танысуын күшейтетін тәсілдермен оқыту қиын міндет болып табылады. Мұнда біз оқытушылар қарастыра алатын STEM білім беруді оқытуды жақсартуға арналған 6 инновациялық білім беру құралын ұсынамын:

№1 Интерактивті панель. Классикалық интерактивті тақта тек компьютермен және проектормен жұптастырылған. Соңғысы компьютер мен тақта арасындағы байланыс қызметін атқарады, ол нақты уақыт режимінде суретті компьютер экранынан тақта экранына таратады. Интерактивті дисплей өз кезегінде ақпаратпен өзара ерекеттесуге мүмкіндік береді: қаламмен, арнайы маркерлермен немесе керсеткіштермен жанасуға жауап береді. Сигнал негізгі құрылыға қайтарылады, бағдарлама деректерді өндейді және кері байланыс жасайды.

№2 Roqed программасы. Roqed Science -бұл бұл кәдімгі сыныптағы виртуалды зертханаға айналдыратын компьютерлік бағдарлама, онда орта және жоғары сынып оқушылары жаратылыстану ғылымдары бойынша оқу демонстрацияларын модельдей және өткізе алады. Roqed Science пайдалану оқушыларға осы модельдерді сыныпта немесе үйде жеке зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың модельдерді қолдана отырып, өз анимацияларын жасау мүмкіндігі бар, бұл табиғи пәндердің күрделі тақырыптарын зерттеуге қатысуды арттырады. Бағдарламада сіз тақырыпқа қызығушылық таныту немесе оқушыларды бағалау мақсатында сабақты бастау үшін жақсы міндет болатын кеңестер, мерзімдер мен органдардың сәйкестігі бар модельдерді құрастыру тапсырмасын жасай аласыз.




№3 Qbit “ZERTTEUSI 4.0”. Qbit-бұл бағдарламалауды, гаджеттермен роботтарды жасауды және ғылымның қалай жұмыс істейтінін түсінуді үйрететін конструктор. Жинақпен бірге эксперименттерге арналған жұмыстар тізімі бар кітап бар, оны бас құрылғыға қосуға болады. Жинақ мектептердегі робототехника сабақтарына, үйірмелерге және өз бетінше зерттеу сабақтарға жарамды. Біз оқушыларымыздың мазмұнды тұтынушылар емес, технология жасаушылар болуын армандаймыз. Код үшін Код емес, әлемнің қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін код!




№ 4 STEM-PLATFORM. STEM-бұл оқушыларға кез-келген қиындықтағы тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін әмбебап тәжірибеге бағытталған тәсіл. Қазіргі уақытта теориялық білімді практикалық аспектіде сақтау және дамыту академиялық білім қолданбалы сипатқа ие болатын бағыттар бойынша сыныптан тыс сабақтар мен үйірмелерге ықпал етеді.-Arduino, -LegoMindstorms, -Darwin Mini, -Makeblock, -Scratch, -Python, -C, -C++,

-инженерия, -3D моделдеу

№5 3D ПРИНТЕР. Бұл - суретті үшөлшемді етіп шығаратын құрылғы. Ол сандық үшөлшемді модельді пайдалана отыра қабаттап шығарады. Суретті жасап шығаруға пластиктің бірнеше түрі негіз болады, алайда бүгінде өндірушілер бейненің әлдеқайда шынайы болуына жаңа компоненттер қосып жатыр. Сырт келбеті жағынан 3d принтер металл бағыттаушылар қондырылған қарапайым принтерге ұқсас, ал басып шығаруды экструдер немесе лазер жасайды. Оны күрделі суреттер мен пішіндерді, бөлшектер мен фрагменттерді, жалпы қарапайым принтермен шығаруға мүмкін емес заттарды басып шығаруға қолданады.



№6 UNIMAT 4в1. Unimat 1 оқушыларға арналған модульдік станоктар- "child friendly". Қауіпсіздікке 12V төмен қуат кернеуі, 35 Вт жетектің шектеулі қуаты және дизайн шешімдері арқылы қол жеткізіледі (мысалы, жұмыс істеп тұрған Джигсо файлына саусағыңызбен немесе қолыңызбен тигізу өте қауіпсіз, себебі файлдың аз қозғалыс амплитудасы-3 мм, сондықтан былғары файлмен бірге дірілдейді) ешқандай зақым келтірместен). Unimat 1 дизайнының негізін қалаған модульдік принцип бір машинаны 30 секундтан 5 минутқа дейін екіншісіне қайта құруға мүмкіндік береді. UNIMAT 1 Classic модульдік станок конструкторы (6 in 1) әртүрлі мақсаттарда қолданыла алады:



Қорытынды

Ғылым, технология және технология болашақ экономиканың және онымен байланысты жұмыс орындарын құрудың басым қозғаушы күші болып табылады. Көптеген адамдар STEM білімі тұрақты ғылыми көшбасшылықпен және әлемнің экономикалық өсуімен байланысты деп ойлаймын. STEM мектептері студенттерге армандаған мансабында табысқа жетуге көмектесетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

1. STEAM-білім беру дегеніміз не / [электрондық ресурс] / Қол жеткізу режимі: <http://www.unikaz.asia>.
2. «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту процесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 280 б.
3. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б.
4. STEM-образование — новый в наших широтах термин, расшифровывая каждую букву которого получаем: Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>
5. Интегрированное определение STEM: контексты, проблемы и будущее Луис С. Надельсон Computer Science, Mathematics, and Statistics, Colorado Mesa University, Grand Junction, Colorado, USA <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00220671.2017>.
6. Еуропалық STEM-білім беру журналы, 2018, 3(1), 02 © 2018 Автор / 3

«Заманауи тренд-STEM білім беру технологиясы»

Мазаржанова Жазира Даулеткановна, Жетісу облысы Панфилов ауданы Нұркент қалашығы, МКҚК «Арай» балабақшасы

Педагог-модератор

Ең алдымен STEM ұғымын түсініп алайық. STEM деген не? Оның қандай мақсаты бар? Қашан пайда болды?

STEM аббревиатурасы ағылшын тіліндегі «science, technology, engineering, mathematics» деген сөздерден алынған. Яғни, бұл бағыт бір мезгілде ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіре отырып, академиялық бағытта дамыту дегенді білдіреді. «STEM» ұғымын ең алғаш 1990 жылы америкалық бактериолог Р. Колвэлл ұсынған. Тоқсаныншы жылдары Америкада жоғары технологиялық компанияларда осы инновациялық технологияның тілін білетін жоғары білікті кадрларға тапшылық байқалды. Сондықтан білім беру саласында жаратылыстану және нақты ғылымды бір бүтін етіп қарастыратын STEM-тәсіл деген пайда болды. Бүгінде өзінің ғылыми-техникалық элитасын дамытуға бағыт алған елдерде STEM-тәсілі мемлекеттік деңгейде енгізіліп жатыр.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазіргі уақытта басты мәселе балаларды ойын технологиясы арқылы тәрбиелеу. Ондағы мақсат - дені сау, ақыл-ойы дамыған, білімді де білікті, кәсіби дамыған тұлға тәрбиелеу. Жас буын рухани бай, зерек те зерделі, мәдениетті болып тәрбиелену керек. Бала - біздің болашағымыз. Болашағымыз жарқын болсын десек - бала тәрбиесіне баса назар аударуымыз қажет.

Біздің балабақшамыз өз тәрбиеленушілерін — креативті ойлауға, математикалық нақты шешім қабылдауға, инженерлік шығармашылыққа қызығуға, тәжірибе жасауға баулуда. Біз сыни тұрғыдан ойлай алатын, креативті, шығармашыл, жаңа заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеуді өзіміздің басты мақсатымыз етіп алдық.

Ал инженерлік ойлау дегеніміз не? Бұл жаңа өнімділігі жоғары және сенімді жабдықтызерттеуге, жасауға және пайдалануға бағытталған танымдық іс-әрекеттің бір түрі.

Осылайша, балада инженерлік ойлауды қалыптастыру үшін біз оны шығармашылық ойлау қабілеті бар, жоғары техникалық жабдықтар әлемін бағдарлай алатын және жаңа техникалық формаларды өз бетінше жасай алатын шығармашыл тұлға ретінде тәрбиелеуіміз керек екені белгілі болады.

Балабақшамызда он екі топ бар. Оның ересектер және мектепалды топтар STEM технологиясын кеңінен қолданады. Осы тәрбиеленушілерімізді педагогтарымыз ойынарқылы тәрбие береді. Әр педагогтың жасаған іс-әрекеті бүлдіршіндердің дамуы мен жетілуіне бағытталады.

Балабақшада эксперименттік алаң STEM бағдарламасы яғни жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технология және матем STEM білім беру аймағында балалармен жұмыс қарқынды өрбиде. Мұнда балалар бірлесіп жұмыс істейді, үйренгендерін тәжірибеде қолдана білуді үйренеді, бұл оларға басқалармен келіссөздер жүргізу немесе топтық мақсатқа жету үшін өз ұстанымдарын бейімдеу сияқты әлеуметтік дағдыларда нақты тәжірибе береді. Балалар ойнай отырып, айнала қоршаған орта туралы білімді бойларына сіңіреді, алдарына нақты мақсат қояды үйренеді. STEM-барлық жастағы балалар үшін қарапайым әрі өте қызықты.

STEM білім беруді балалар тек ақпарат алу арқылы үйренбейді. Олар тәжірибе жасау арқылы үйренеді. Біздің зертханамызда бүлдіршіндер жанды, жансыз табиғатпен тәжірибелерді қызыға жасайды. Тәжірибе жасаудың басты артықшылығы - ол балаларға

қоршаған орта туралы нақты білім алуға көмектеседі. зерттеу арқылы заттардың құрылымы мен пайда болуы, бір бірімен байланысы қоршаған ортаға әсері туралы білетін болады.

Инженерлік іс -әрекеттер «құрылыс блоктары» ойын алаңында өткізіледі, онда балалар күн сайын педагогтың шағын басшылығымен құрылымдарды жоспарлайды және құрастырады. Лего конструкторлармен ойнау арқылы балалардың әлемді тануға деген қызығушылықтары оянады, қол моторикалары дамиды, өзім білсем, істесем, жаңа құрылыс ойлап тапсам деген құлшыныстары пайда болады. Біздің мектепке дейінгі білім беру мекемемізде «Робототехника» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны жүргізу үшін арнайы робототехника кабинеті жасақталып, қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді. Оның ішінде алғашқы болып LEGO Education, «Duplo» конструктор жиынтықтары,

«Тышқан робот» жиынтықтары, «Веселые шестеренки» жиынтықтары, «Алгоритм мышонка» жиынтықтары алынды. Сонымен бірге «Botley» роботы, «Robo Uaro» жиынтықтары алынды. Бұл жиынтықтар тек робототехикасы жобасында емес 5 білім беру саласында да қолданылуда

Математикаға негізделген оқу әрекеттері санауды, фигураларды сәйкестендіруді және үлгілерді жасауды қамтиды. Өлшеу, санау, кеңістікті бағдарлау, теңестіру, алгоритмдік есептеу, пішіндерден құрастыру. Осы әрекеттердің барлығымен балалар өз жолында тұрған кедергілерді жеңе отырып, жаңа өнертабыстарды ойлап табу және жасау үшін инновация мен шығармашылық әдістерін үйренеді.

Қазіргі заманда әлемде робототехника ғылымы кеңінен қолданыс табуда. Ғылыми техникалық прогрестің осы бір маңызды бағыты біздің балабақшамызда қолға алынған. Бұл ортада балалардың танымдық, интеллектуалдық және шығармашылық қабылеттері дамуда. Балалар өздері құрастыруды, онымен ойнай білуді үйренген.

STEM білім берудің міндетті бөлігі-балаларды цифрлық технологиялармен таныстыру. Бұған көмек — «Мультистудия әлемі» модулі. Бұл баланың өзі анимациялық фильмін жасау арқылы балалардың әртүрлі жобалардағы жұмысының нәтижелерін қорытындылауға және заманауи деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұған ақпараттық-коммуникативтік, цифрлық және медиа технологияларды игеру арқылы, өнімді технологияларды игеру арқылы қол жеткізуге болады. Балабақша бүлдіршіндері өздері ойлап тапқан ертегілерінің кейіпкерлерін өздері дайындап, өздері мультфильм түсіреді. Бір ертегіні дайындау үшін қанша күн тер төгеді, еңбектенеді. Өз еңбегінің жемісін көргеннен артық бақыт бар ма? Балалардың шат күлкісі мен риза болған жүздері бізге де ары қарай ізденуге, еңбек етуге шабыт сыйлайды.

Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақ десек. Осы өскелең ұрпақты тәрбиелеу, олардың болашағына баспалдақ болар білім беру жолында балабақшамызда жасалып жатқан іс- шаралар жеткілікті. Балалардың болашағы жарқын болу үшін, балабақша, ата- ана болып бірлесіп ынтымақта жұмыс атқарудамыз. Балабақшада ұйымдастырылған әрбір іс- шараға ата-аналар белсене атсалысады. Ата- аналар Стэм бағдарламасы барысында да өз белсенділіктерін көрсетуде, балалармен бірлесіп «Үй жағдайындағы тәжірибелер» тәжірибе жасау челленджі, «Біз Робот жасаймыз» көрмесі, Робототехника бойынша «Кім жылдам?» , «Жас робототехниктер» конкурсы ата- анамен балабақша арасындағы сенім атты алтын көпірді беріктете түсті.

Міне осылай, STEM техникасында жұмыс жасау, оны өмірде қолдана алу бала үшін өте маңызды. Бала өзінің жасаған бұйымын, өнімін көру, жасау арқылы мотивациясы артады. Ал егер алған білімін қолданып, бір өнім жасай алмаса, оны не істейді? Ал, STEM әрбір оқушыға алған білімінің нәтижесін көрсетеді

STEM білім беру технологиясы мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін интегралды түрде өткізуге мүмкіндік береді. STEM оқыту бойынша педагог оқу қызметтерін интегралды ұйымдастыруға көп көңіл бөлуі керек. Интегралды оқыту — бұл бір тақырып төңірегінде білім беру салалар мазмұндарының тоғысуы, бір-бірімен байланысуы. Интегралды бағытта ұйымдастырылған оқу қызметтері тақырыпты жан- жақты талдауды, зерттеуді, толық меңгеруді қамтамасыз етеді. STEM білім беру технологиясы бойынша

балаларға берілетін ақпараттар қарапайым, жеңіл болмауы керек. Керісінше күрделі, ғылыми тұрғыда балалардың жас ерекшелігіне орай тереңірек түсіндірілуі қажет. Мәселен, «Көліктер» тақырыбы бойынша педагог:

– S — көлік туралы ғылыми ақпарат береді. Яғни көліктердің үш түрі болатыны ғана емес, көлікті алғаш рет кім және қашан, не үшін, қалай ойлап тапқаны туралы, басқа дамыған елдерде көліктің қандай түрлері бар екені туралы мағлұматтар береді. Ол үшін педагог міндетті түрде тақырыпты алдымен өзі терең зерттеп, қажетті ақпараттарды тауып, табылған ақпараттарды балалардың жас ерекшелігіне орай ықшамдап, арнайы бейнероликтер дайындап алуы қажет.

– T — балалардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тапсырмалар әзірлейді. АКТ бойынша интербелсенді тақтада дамытушы тапсырмалар құрастыруға болады. – E-көліктің макетін әртүрлі әдіспен құрастырады. Лего конструкторлармен жұмыс жасау мектеп жасына дейінгі балаларға өте қызықты. Лего конструкторлармен жұмыс барысында балалардың ұсақ қол моторикалары дамиды. Балалар құрылыс әрекетін жоспарлап, жұмыс алгоритмін құрып, сол алгоритм бойынша әрекет жасауды үйренеді.

Топта ұжымдасып жұмыс жасауға дағдыланады.

– M — көліктерді санайды, түстерін атайды, көлемдерін салыстырады, кеңістікте орналасу ретін анықтайды, қандай пішіндерден тұратынын айтады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда бұл технологияның жаңа нұсқалары қолданылуда. Оның ішінде кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика). STEM білім беру технологиясының құрылымына A (Art) қосылды. A (Art) — өнер, яғни балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Мәселен, көлік тақырыбында бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін қолдана отырып көліктің суретін салуға, жапсыруға немесе мүсіндеуге болады. STEM оқытуда балалардың топтық, жұптық жұмыс жасауы маңызды. Топпен ұжымдасып жұмыс жасау ұйымдастырылған оқу қызметінің уақытын үнемдеп, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Топпен жұмыс барысында балалар бір мақсатқа жету үшін бірігіп, мәмілеге келіп әрекет етуге дағдыланады. Бір-бірінің ойын тыңдап, толықтырып, ортақ түйін шығарады және де өз жұмыстарын ортаға шығып таныстыруды үйренеді. Осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуі балалардың бойында 4K моделі дағдыларының қалптасуына әсер етеді. STEM білім беру технологиясының ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуға септігі мол.

Педагогтың шеберлігіне қарай ата-аналармен бірлесіп түрлі жобалар ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінде S бағыты бойынша тақырыптың ғылымилығын ашуда балаларға ата-аналармен бірігіп орындауы үшін алдын ала үй тапсырмасын беруге болады. Мәселен, көлік тақырыбының ғылымилығын ата-ана баласымен бірге іздеп, тауып, постер әзірлеп, баланы сол постерді таныстыруға дайындайды. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болып, оларды тәрбиелеу-білім беру процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Осындай бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Тұтас бала бейнесі» идеясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Ұлы тұлға, дана Абай атамыз : **Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан** деп айтқандай, біздің тәрбиеленушілеріміздің балабақшада алған білім мен тәрбиелерінің жемісін көріп, заман талабына сай білімді де білікті, елін сүйер патриот тұлға боп, өмірден өз орындарын табатынына сенімдіміз.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін модернизациялауда жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларын іске асыру және STEM білім беру технологиясын қолдану педагогикалық білім мазмұнының жаңаруы мен жоғарылауына септігін тигізеді.

STEM - тәсіл біздің балаларымызға әлемді жүйелі түрде тануға, айналасындағы оқиғалардың логикасын білуге, олардың қарым-қатынасын ашуға және түсінуге, жаңа, ерекше

және өте қызықты жаңалықтарды табуға мүмкіндік береді деп айтқым келеді.

Қолданылған әдебиеттер: Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы) «Ерте жастағы балаларға арналған заттық дамытушы орта» стандарты-Астана, 2019ж-9 бет

ВОЗМОЖНОСТИ STEAM-ПОДХОДА В ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

О.Г. Гузенко
КГУ ср. шк. им. Н.Крупской
г. Жаркент

Современный образовательный процесс немыслим без поиска новых, более эффективных технологий, способствующих развитию творческих способностей. Химия очень сложный предмет, и уже на первом году изучения многие школьники теряют интерес. Одной из основных задач для меня, как педагога, является развитие у учащихся интереса к учению, творчеству, т. к. интерес и творчество в учебном процессе является мощным инструментом, побуждающим учеников к более глубокому познанию предмета и развивающим их способности. Одним из путей решения этой проблемы является применение STEM-подхода, который позволяет школьникам комплексно и интегрировано получать знания по естественнонаучным и математико-инженерным учебным дисциплинам.



Это комплексное обучение, которое включает в себя одновременное исследование базовых принципов точных наук. К ним относятся естественные науки, инженерия, математика, технология. Дети учатся видеть взаимосвязь происходящих событий, лучше начинают понимать принципы логики и в процессе создания собственных моделей открывают для себя что-то новое и оригинальное. Комплексный подход способствует развитию их любознательности и вовлечению в образовательный процесс.

STEM обучение – это инновационная методика, которая представляет собой полноценное планомерное обучение, включающее в себя изучение естественных наук совокупно с инженерией, технологией и математикой.

На занятиях учащиеся самостоятельно создают прототипы продукта, используя современные материалы и оборудование, основываясь на простых и доступных инженерных решениях. Такой вид подходов позволяют ученикам с интересом и быстро усваивать большой объем научно-познавательной информации, урок становится более интересным и увлекательным, качество обучения



учащихся повышается, а самое главное, данный материал надолго остается в памяти.

Преимущества STEM-подхода:

- Интегрированное обучение по темам и по предметам.
- Применение научно-технических знаний в реальной жизни.
- Развитие навыков критического мышления и разрешения проблем.
- Формирование уверенности в своих силах.
- Активная коммуникация и командная работа.
- Развитие интереса к техническим дисциплинам.
- Креативные и инновационные подходы к проектам.
- Развитие мотивации к техническому творчеству через различные виды деятельности с учётом возрастных и индивидуальных особенностей каждого ребёнка.
- Ранняя профессиональная ориентация.
- Подготовка детей к технологическим инновациям жизни.


Химия – не изолированная наука, она находится в тесной связи не только с биологией, физикой и математикой. В ней находят отражения философские законы, химические предметы и явления, описанные в литературе, истории. Изучая опыт внедрения STEAM-подхода на уроках химии, невозможно не отразить аспекты деятельности по другим предметам, так как их интеграция потребовала тесного сотрудничества учителей-предметников различных дисциплин. Особенно ярко это продемонстрировано при разработке модулей заданий, требующих знаний целого ряда предметов.

Например, такие как:

